

#КүшімізБірлікте

Тұрғындар бізден тап осы жерде және тап қазір, жақын болашаққа бағыт-бағдар беретін айқын белгі күтуде. Қазір үмітсіздікке беріліп, қамығатын уақыт емес. Біз бірлесіп алға жылжуымыз керек, әр күн және әрбір сағат маңызды.

Бақытжан САҒЫНТАЕВ.

ИНДЕТПЕН КҮРЕС



РЕВАКЦИНА – ЖАЛҒЫЗ ЖОЛ

4

БЕЙЖІҢ–2022



82 ЖОЛДАМА, САНСЫЗ ҮМІТ

8

#ЕКПЕАЛ



KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

25.01.2022

Түнде:



-5-7 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



0,-2 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

26.01.2022

Түнде:



-6-8 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



-1+1 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №6 (6141) 25 қаңтар, сейсенбі, 2022 жыл.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ЕЛ НАМЫСЫН ҚОРҒАУ – МӘРТЕБЕЛІ МІНДЕТ

Мемлекет басшысы Қазақстанның Олимпиада және Паралимпиада ұлттық құрамаларының мүшелерімен кездесті



Президент жуырда Бейжің қаласында өтетін XXIV қысқы Олимпиада және Паралимпиада ойындарының барша спортсүйер қауым үшін айтулы оқиға екеніне тоқталып, Қазақстан осы сайысқа ең үздік спортшыларын аттандыратынын атап өтті.

– Дүбірлі додада ел намысын қорғау – мәртебелі міндет әрі зор жауапкершілік. Біздің спортшыларымыз Олимпиада ойындарында талай рет жеңіс тұғырына көтерілді. Көк туымызды желбіретіп, Әнұранымызды әулетті. Сондай сәтте әрбір азаматымыздың кеудесін мақтаныш сезімі кернейтіні сөзсіз. Сіздер алдағы сайыста халқымыздың сенімін ақтайсыздар деп сенемін. Алдағы Олимпиадада сіздер де лайықты өнер көрсететіндеріңізге сенімдімін. Паралимпиадашылар үшін де маңызды сәт жақындады. Елімізде инклюзивті қоғамды дамыту жолында Паралимпиада ойындарының маңызы зор. Қазақстандық паралимпиадашылардың жеңістері – максатқа ұмтылудың, табандылық пен өз күшіне деген сенімнің үлгісі. Өкінішке қарай, біздің спортшылардың соңғы дайындық күндері қаңтардағы қайғылы оқиғалармен тұспа-тұс келді. Ең бастысы, ынтымақ пен бірліктің арқасында біздің халқымыз мемлекеттің тұтастығына нұқсан келтіретін лаңкестікке лайықты тойтарыс бере алды. Біз бүкіл ел болып ұлттық құрамаға жанкүйер болатын жарыс күндері де жалпыұлттық бірлігімізді көрсететінімізді білемін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Кездесу соңында Олимпиада құрамасының капитаны Абзал Әжіғалиев пен Паралимпиада құрамасының капитаны Александр Герлиц Президенттің қолынан Мемлекеттік ту алып, ант берді. Қасым-Жомарт Тоқаев спортшыларымыздың Көк туымызды Олимп шыңына шығарып, мемлекетіміздің мерейін көтере беруіне тілектестік білдірді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ӘКІМ

БАРЛЫҚ ӨНІМДЕР БАҒАСЫ РЕТТЕЛЕДІ



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Алматы қаласының тыныс-тіршілігін қалпына келтіру жөніндегі қалалық штаб отырысында Алматы қаласының әкімі Б.Сағынтаев әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын реттеу бойынша тапсырма берді.

Б.Сағынтаев баға мониторинг жұмысының арқасында үй жанындағы дүкендердің бірқатары бағаны бұрынғы деңгейге қайтарғанын атап өтті. «Алайда, жалпы әкімдікпен реттелетін бағаларды енгізу туралы шешім қабылдауға болатын нұсқа бар. Яғни біз ӘМАТ-тың барлық түрлеріне шекті бағаларды белгілей аламыз. Бүгінде өнімнің екі түрі бойынша шекті бағаны белгілеу туралы шешім дайындап жатырмыз. Бұл сәбіз және күнбағыс майы. ӘМАТ-тың барлық басқа түрлері бойынша шекті бағаларды жедел белгілеуге бізге қолданыстағы ережелер жол бермейді», – деп мәлімдеді мегаполис басшысы.

ҚЫСҚА...

- 26 қаңтар күні «Самұрық-Қазына» бағдарламасы әлеуметтік желілерде онлайн көрсетілім – ашық диалог форматында талқыланады. Жобаға ұсыныстарды usunys@sk.kz поштасына жіберуге болады.
- 1 қыркүйектен бастап еліміздегі студенттердің стипендиясы 20%-ға, магистранттар мен докторанттардың стипендиясы 15%-ға өседі.
- Қасиетті 3 ай – Ережеп, Шағбан және Рамазанның басталуына санаулы күндер қалды. Ережеп айы биыл 3 ақпанда кіреді.

www.almaty-akshamy.kz



2

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,
«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
259-06-00 (ішкі 0318, 0319) телефондары бойынша хабарласыңыз!



ӘКІМ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бақытжан Сағынтаев Қазақстанның Премьер-Министрі Әлихан Смайылов бағаның өсуіне неғұрлым жедел әрекет ету үшін шекті бағаларды енгізу қағидаларына өзгерістер енгізу идеясын қолдағанын атап өтті. Осыған байланысты Үкімет басшысы Сауда және интеграция министрілігіне тиісті тапсырма берді.

«Қазіргі қиын кезде талапқа сай жұмыс жасаулары үшін сауда нүктелеріне жүгінгім келеді. Бізде осы тармақтардың барлығын реттеуге арналған құрал бо-



Барлық өнімдер бағасы реттеледі

лады. Біз белгілі бір мерзімге барлық бағаларды тоқтатуды шешеміз. Бізге бұны нарыққа қарсы шаралар деп айтуға болады, бірақ нарық жағдайында, егер түрлі бұзушылықтар басталса, біз оған қатаң әрекет етуіміз керек», – деді Б.Сағынтаев. Сондай-ақ, ол қаладағы ет дүкендері жұмысына ерекше назар аударды. «Егер мұндай дүкендерді ашу үшін қосымша қолдау қажет болса, онда тиісті өтінімдермен Стратегия мен бюджет басқармасына тиісті өтінім жасау керек. Біз бұл мәселені қарастырамыз, оның үстіне жақын арада бюджетті нақтылауға дайындалып жатырмыз», – деді Алматы қаласының әкімі. Ол жақын күндері осындай

дүкендерді ашуды қосымша қаржыландыру мәселесін қарастыруды тапсырды. Осы 5 дүкеннен ғана емес, алматылықтар етті өздері тұратын жерге жақын маңдағы сауда нүктелерінен де жеңілдікпен сатып ала алады.

Алматыда көкөніс әлеуметтік дүкендерінің үлгісі бойынша «Жұлдыз», «Орбита», «Таусамалы», «Арыстан», «Тастақ» базарларында ет дүкендері іске қосылды. Оларда сыыр етінің кеуде-жауырын бөлігі келісі 2050 теңгеден сатылуда, бұл орташа нарықтық бағадан 13,5%-ға төмен.

Ақтолқын ТҰРЛЫҒАЗЫ.

МОНИТОРИНГ



Азық-түлік арзандады

Айжан БҮРКІТБАЕВА

Профилактикалық жұмыстардың нәтижесінде Алматыда бірқатар әлеуметтік маңызы бар тауарлардың бағасы арзандады.

Мұндай жұмыс 1773 алматылық үй жанындағы дүкенде жүргізілді, бұл жалпы санның жартысына жуығын құрайды.

Бұл туралы Бақытжан Сағынтаевтың төрағалығымен өткен Алматы қаласының тыныс-тіршілігін қалпына келтіру жөніндегі қалалық штаб отырысында әкімнің орынбасары Максат Қиқымов айтып берді.

Алматыда барлығы 3583 В, С класты азық-түлік дүкені жұмыс істейді: Алатау ауданында – 500 дүкен, Алмалы ауданында – 395, Әуезов ауданында – 605, Бостандық ауданында – 488, Жетісу ауданында – 400, Медеу ауданында – 325, Наурызбай ауданында – 350, Түркісіб ауданында – 525 дүкен.

Бақытжан Сағынтаевтың тапсырмасын орындай отырып, қала әкімдігі аудандық әкімдіктермен және Nur Otan партиясының өкілдерімен бірлесіп күн сайын «үй жанындағы» 1773 дүкенде ӘМАТ бағасының негізсіз өсуіне жол бермеу бойынша мониторинг жүргізеді, бұл жалпы санның жартысына жуығын құрайды.

Мониторинг қорытындысы бойынша 7 ауданның (Түркісіб ауданынан басқа) 61 дүкенінде ӘМАТ бағасының негізсіз өсу фактілері анықталды.

М.Қиқымовтың айтуынша, профилактикалық жұмыстардың нәтижесінде азық-түлік тауарларының келесі түрлерінің бағасы төмендеді:

күнбағыс майы 15%-ға (920-дан 780 тг/л);
сүт өнімдері 5%-ға (айран 315-тен 300 тг/л, сүт 295-тен 280 тг/л);
әлеуметтік нан 10%-ға (100-ден 90 тг/л);
1 сұрыпты ұн 10,2%-ға (245-тен 220 тг/кг-ға дейін);
қант 5,7%-ға (350-ден 330 тг/кг-ға дейін).

Қалған 1810 дүкен бойынша жұмыс ағымдағы жылдың қаңтар айының соңына дейін жүргізіледі, мониторинг бойынша жұмыс тұрақты негізде жалғасады.

Сондай-ақ, брифинг барысында 22 қаңтардан бастап қаланың 5 ауданында «демалыс күні» азық-түлік жәрмеңкесінің қызметі қайта жанданатыны айтылды.

Әкім орынбасары 9 қаңтарда «үй жанындағы» дүкен сөрелерінде өнім тапшылығын болдырмау мақсатында азық-түлікті төмен бағамен жеткізуге өтінімдерді қабылдау бойынша жедел желі құрылғанын хабарлады.

Ағымдағы жылғы 24 қаңтардағы жағдай бойынша 120 өтінім алынды және 90 тонна өнім тиелді, оның ішінде 85,2 тонна бакалея өнімдері (күнбағыс майы, 1-сұрыпты ұн, қарақұмық жармасы, кант), 4,8 тонна жұмыртқа бар.

Қазіргі уақытта қаланың барлық аудандарында В, С класты дүкендерді қамтуды ұлғайту үшін өтінімдерді қабылдау жалғасуда.

М.Қиқымовтың айтуынша, ӘМАТ бағасын тұрақтандыру бойынша жұмыс ерекше бақылауда.

22 қаңтардан бастап апта сайын қаланың 5 ауданында (Алмалы, Медеу, Бостандық, Алатау, Әуезов) «демалыс күні» азық-түлік жәрмеңкелері қайта басталды. Оған Алматы облысының жақын аудандарының ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілері, сондай-ақ Алматы қаласының азық-түлік кәсіпорындары қатысады.

ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Кәсіпорындар мен базарлар: жұмыс қайта жанданды



Серік ЖҰМАБАЕВ

Бақытжан Сағынтаевтың төрағалығымен өткен Алматы қаласының тыныс-тіршілігін қалпына келтіру жөніндегі қалалық штаб отырысында Алматы әкімінің орынбасары Максат Қиқымов 120 ірі өнеркәсіптік кәсіпорын мен қаланың 51 базары да қайтадан жұмыс істей бастағанын хабарлады.

Әкім орынбасарының айтуынша, 149 азық-түлік сауда желілерінің, гипермаркеттер мен супермаркеттердің 146-сы өз қызметін қалпына келтірген, қалған 3-еуі 28 қаңтарға дейін ашылады. Алматының азық-түлік емес сауда нысандарына келетін болсақ, бүгінде 110-ның 99-ы өз қызметін жандандырды, қалған 11-і ақпан айының соңына дейін жұмысын бастайды.

Бүгінде қаланың 93 сауда-ойын-сауық орталықтары мен сауда үйлерінің 87-сі жұмыс істейді, қалған 6 нысан қалпына келтіру

қызметін жүргізеді. Мысалы, «Мәскеу» СОСО жартылай іске қосылды, толық қалпына келтіру ақпан айының ортасына дейін жоспарланған. Басқа да зардап шеккен сауда үйлеріне келер болсақ, «Арена» СҮ 1 ақпанда, «Сити Центр» СО 1 ақпанда, «Мобилка» СҮ ақпан айының соңына дейін, «Променад» СО наурыз айының соңына дейін, «Азия парк» СОСО наурыздың 1 онкүндігіне дейін, «Алмалы» СОСО тамыз айының соңына дейін ашу жоспарлануда.

М.Қиқымовтың айтуынша, бүгінде Алматыда 220 жанар-жағармай құю бекеттерінің 190-ы жұмыс істейді, 23 желілік жанар-жағармай құю бекеттері қалпына келтіріп, ақпан айының соңына дейін іске қосылады, өртенген 2 ЖЖҚБ мамыр айының ортасына дейін өз қызметін қалпына келтіруді, 5 желілік емес жанар-жағармай құю бекеттері 30 қаңтарға дейін өз қызметін қалпына келтіруді жоспарлап отыр. Қаладағы қоғамдық тамақтану объектілерінің басым бөлігі 3100-дің 3083-і жұмыс істейді. Наурыз айының ортасына дейін 15 нысан, 1 мамырға дейін тағы 2 нысан іске қосылады.

Қалада 975 дәріхана қызметін қайта бастады.

БІЛІМ

Балалар мекемелері жұмысын бастады



Рая ЕСКЕНДІР

Алматыдағы мектепке дейінгі барлық 860 ұйым өз жұмысын қайта бастады. Бұл туралы қала әкімінің төрағалығымен өткен штаб отырысы кезінде айтылды.

Жиын барысында қала әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров 20 қаңтардан бастап 71 мыңнан астам баланы қамтитын 860 мектепке дейінгі ұйым – 190 мемлекеттік және 670 жекеменшік ұйымның штаттық режимде өз жұмысын қайта бастағанын жеткізді. Дәл қазір қаладағы балабақшаларға 47 255 бүлдіршін барып жүр.

Ержан Бабақұмаров балабақшалардың жай-күйін Білім басқармасы қатаң бақылауда ұстап, күн сайын балалардың балабақшаға тұрақты келуі мен мекемелердегі санитарлық талаптарды мониторинг жүргізу

арқылы бақылап отырғанын атап өтті.

Сондай-ақ, кешелі бері ҚР Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің ағымдағы жылғы 21 қаңтардағы қаулысына сәйкес қаламыздағы 302 мыңнан астам оқушысы бар 295 мектептің оқушылары аралас форматта оқуға кірісті. Олардың 207-сі – мемлекеттік, 88-і – жекеменшік мектептер. Сонымен қатар, 1–4-сыныптардың 600-ге дейінгі оқушысы бар 115 мектеп (32 мемлекеттік, 83 жеке) штаттық режимде оқуға көшіп отыр. Ал оқушылар саны 600-ден асатын 180 мектепте (175 мемле-

кеттік, 5 жекеменшік) қашықтан білім алуға.

Бұдан өзге, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған 6 мекеменің 354 тәрбиеленушісі штаттық режимде оқиды. Мектептерде санитарлық талаптардың сақталуы ерекше бақылауда. Әлі де ата-аналар арасында түсіндіру жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Қаламыздағы 83 колледждің 73 719 студенті де оқуды бастады. Олар үшін білім алудың аралас форматы қарастырылып отыр. Мәселен, практикалық сабақтар икемді кесте бойынша офлайн, дәрістік сабақтар онлайн-режимде өткізілетін болды. Дәл осындай форматта 24 мыңнан астам оқушыны қамтитын 23 қосымша білім беру ұйымы өз жұмысын жалғастыруда. Ата-аналармен кері байланыс орнату үшін қалалық Білім басқармасында, аудандық білім бөлімдері мен әрбір білім беру ұйымында Call-орталықтар жұмысы іске қосылған.

НЫСАН

Мәдениет және спорт нысандары қалай жұмыс істейді?



Айжан ШАЛАБАЙҚЫЗЫ

Қала әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаровтың айтуынша, бүгінде қаланың спорт, мәдениет және өнер мекемелері, сондай-ақ волонтерлік ұйымдар қалыпты жұмыс істеуде.

Бүгінде Алматыда 19 театр жұмыс істейді, оның 10-ы – мемлекеттік және 9-ы – жекеменшік. Барлығы – 10 концерттік-ойын-сауық, демалыс ұйымдары, оның ішінде 6 – республикалық және 4 – қалалық ұйымдар. Мәдениет басқармасының ведомстволық бағынышты мекемелері

шектеулі жұмыс режиміне көшті. Штаттық қызметкерлердің 70–80%-ы онлайн-жұмыс істейді. Алматы қаласының зоологиялық паркі мен мұрағаты ғана – офлайн-режимде.

Алматыда санитарлық-эпидемиологиялық ахуалдың нашарлауына байланысты

ғибадат объектілерінде (мешіттер, шіркеулер, храмдар және т.б.) көпшілікпен жиналуға (жұма намазы, жексенбі жиналыстары және т.б.) тыйым салынған.

Е.Бабақұмаров қаланың волонтерлік ұйымдарының жұмысы туралы айта келіп, ағымдағы жылдың 10 қаңтарынан бастап қалалық волонтерлік штабтың жұмысы басталғанын атап өтті. 10–21 қаңтар аралығында күндізгі уақытта штаб жатақханаларда, коммуналдық қызметтерге, жатақханада тұратын студенттерге, әскери қызметшілер мен балалар үйінің тәрбиеленушілеріне 7 мыңнан астам ыстық тамақ тасымалданды. Сондай-ақ, мұқтаж алматылықтарға 500-ге жуық азық-түлік себеті таратылды.

Алматы қаласының этномәдени бірлестіктері құқық қорғау органдарының, 4-қалалық аурухананың және басқа да қалалық ауруханалардың қызметкерлеріне 5,5 млн. теңгеге азық-түлік себеті түрінде қайырымдылық көмек көрсетті.



ӘКІМДІК

Ғимараттың тарихи келбеті қалпына келтіріледі



Әсел
ДАҒЖАН


Қайта қалпына келтіріліп жатқан әкімдік ғимаратының 1-қабаты халықты қабылдауға ыңғайлы етіп жасалатын болды.

Бұл туралы Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев қаланың тыныс-тіршілігін қалпына келтіру жөніндегі қалалық штаб отырысында айтты. Қала әкімінің орынбасары Мұхит Әзірбаевтың айтуынша, әкімдік ғимаратының тарихи келбеті қайта қалпына келтіріледі.

«ҚазҒЗЖИ мамандары әкімдік ғимаратының сыртқы қабаты өрттен қатты зақымдалғанын айтып отыр. Сол себепті, ғимараттың қасбетіндегі мәрмәр тастарын бұзуға мәжбүр болдық. Біздің мақсатымыз – ғимараттың тарихи келбетін қайтару. Тас және басқа материалдарды жобаны бұрын сызған авторлармен және қаладағы сәулетшілермен бірге таңдап, қалпына келтіреміз», – деді Мұхит Әзірбаев.

Штаб отырысында Бақытжан Сағынтаев қала әкімдігінің бірінші қабатын халықты қабылдауға ыңғайлы етіп жасау керектігін айтты. «Әкімдік ғимаратының бірінші қабаты халықпен ашық кездесуге ыңғайлы емес. Мүмкін осы жағдайды пайдалана отырып, Әлеуметтік үйді жасағандай тұрғындармен кездесуге ыңғайлы етіп жасаған дұрыс шығар. Осы жағын сәулетшілермен ақылдасып көріңіздер. Бұл жұртшылықпен кездесуге, оларға қызмет көрсетуге ыңғайлы болар еді», – деді Бақытжан Сағынтаев.

Қаңтардың басында мегаполисте болған жаппай тәртіпсіздік кезінде қалалық әкімшілік ғимараты өртеніп, келтірілген шығын көлемі 20 млрд. теңге деп есептелген болатын.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

#КүшімізБірлікте

Жанат АЙТІЛЕУ,
«Алматыбасжоспар» ғылыми-зерттеу институты, ғылыми зерттеулер мен жобалаулар шеберханасының жетекшісі:

– Біздің жұмысшы тобымызға жиналғандар істің жай жапсарымен жақсы таныс. Білікті мамандар, құрылыс саласының ардагерлері атсалысып жатыр. Олар өздерінің тәжірибесімен бөлісті. Сондай-ақ, Алматы әкімдігі ғимаратын қайта қалпына келтіру бойынша ойлары ескерілуде.

Өздеріңіз көріп отырғандай, ғимаратқа аса үлкен залал келген. Әсіресе, ішкі-сыртқы жағы зақымданған. Дегенмен, қолға алынып жатқан шаруалар да аз емес. Бүгінгі таңда жұмыс жүйелі жүруде. Алдағы мақсат – бастапқы қалпына келтіріп, жөндеп, қайта пайдалануға беру болып табылады.

Ғабит САДЫРБАЕВ,
Қазақстанның еңбек сіңірген архитекторы:

– Бүгінгі таңда жөндеу жұмыстары қарқын алған. Оны маған дейінгілер де айтты. Бұл жағынан келгенде, көңіл толады. Әріптестерімнің айтқанымен келісемін, негізгісі «бастапқы форманы» сақтаған дұрыс. Осы ғимараттың іргетасынан бастап, сыртқы дизайны, әрбір құмы, кірпішіне дейін жасаған архитекторлардың еңбегі зор. Бүгінде олардың біразының аты аңызға айналды. Мұның авторы Қалдыбай Жұмағалиұлы деген әріптесіміз болатын. Айтарым, ғимараттың қала үшін маңызы зор демекпін.

Ералы ШОҚПАРОВ,
«Kazniisa» АҚ өндіріс бойынша басқарушы директор:

– Біз ТЖ-дан кейін әкімдік ғимаратын қалыпқа келтіру жұмыстарына кірісіп кеттік. Дәл қазір осы бағыттарда мамандарымыз еңбек етіп жатыр. Қалай жөнделеді, қалай қалпына келеді деген сауалдар көптің көңілінде екені рас. Бұл тараптан алғанда, алғашқы ұсыныстар өткізілді.

Көріп тұрғандарыңыздай, өрттен кейін тек қаңқа ғана қалған. Кейбір бетон, тас-цемент түгел мүжілген. Әсіресе, астыңғы бөлігі түсіп қалған.

Қайта қалпына келтіру бойынша біршама пікірлер келіп түсуде. Сөз басында айтқанымдай, жоспарды өткізген болатынбыз. Өртке, сейсмикалық апатқа, т.б. жағынан төзімділікті арттыру пысықталуда. Бастысы, Алматының жер-жағдайына қатысты нормалар сақталуы тиіс. Мұны естен шығармаған абзал.

Дайындаған Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

Қатаң тексеруді тапсырды



Рая
ЕСКЕНДІР

Алматы қаласының тыныс-тіршілігін қалпына келтіру жөніндегі қалалық штаб отырысында шаһар басшысы Бақытжан Сағынтаев құрылыс алаңдарындағы барлық мұнара кран-

дарының жағдайын тексеруді қатаң тапсырды.

Сонымен қатар, шаһар басшысы қалада орын алған мұнара кранының құлауы салдарынан қаза болған краншыға қатысты оқиға салдарын қозғап, жауапты сала мамандарына тікелей тапсырмалар берді. Жексенбі күні, яғни 23 қаңтарда Алматыдағы «Таугұл» ықшамауданындағы құрылыс алаңында мұнара краны құлаған болатын. Төтенше жағдай салдарынан 49 жастағы краншы өміріне төнген қауіп салдарынан жарақат алып, жедел жәрдем келгенше қайтыс болды.

Қала әкімінің орынбасары Мұхит Әзірбаев анықталған деректер бойынша төтенше жағдайдың кран құрылымының тозуына байланысты болғанын баяндады. «Бұл оқиғаның қалай орын алғаны жүргізіліп жатқан тергеу мен техникалық жағдайды тексеру барысында анықталды», – деді қала әкімінің орынбасары. ТЖМ өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті департаментінің мәліметінше, дәл қазір қаланың құрылыс алаңдарында тиісті рұқсат алған 114 мұнара краны бар. Алматы қаласының әкімі мұндай қайғылы жағдайдың қайталануына жол бермеу үшін барлық мұнара крандарының техникалық жағдайын қатаң түрде тексеруді тапсырды.

«БИЗНЕСТІҢ ЖОЛ КАРТАСЫ–2025»

Тегін спорт зал ашылды



Рая
ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ

Дзюдодан Азия чемпионатының қола жүлдегері, Қазақ кюгеси турнирінің бірнеше дүркін жеңімпазы Зәмзәгүл Файзолланова «Бизнестің жол картасы–2025» мемлекеттік бағдарламасы бойынша грант жеңіп алып, Алматыда 7–17 жас аралығындағы балаларға арналған тегін спорт залын ашты.

Онда дзюдо, таэквондо, спорттық және көркем гимнастика бойынша сабақтар өтеді. Зал күн сайын сағат 08.00-ден 22.00-ге дейін жұмыс істейді. Өзірге 5 кәсіби жаттықтырушы жұмысқа тартылды.

– Мақсатым – спортты дамыту және қазақстандықтардың халықаралық аренадағы болашақ жетістіктеріне үлес қосу, – дейді Зәмзәгүл Файзолланова.



Белгілі спорт шебері Зәмзәгүл 9 жасынан бастап спортпен айналысып, қазақша күрес, дзюдо, сумо және самбо спорт шебері атанған әкесінен мол тәжірибе жинақтады. Сонымен қатар, Зәмзәгүл – белгілі қазақстандық спортшы ғана емес, ҚР Қарулы Күштерінде аға лейтенант. Отбасы бар, екі баланың анасы.



#ЕКПЕАЛ

«Спутник Лайт»
қолжетімді

Алматыға «Спутник Лайт» вакцинасының 12 мың дозасы жеткізілді. Бұл туралы қалалық Қоғамдық денсаулық басқармасы мәлім етті.

Басқарма мәліметінше, «Спутник Лайт» вакцинасы ревакциналауға, яғни толық имундау мерзімі аяқталғаннан кейін қайта вакциналауға арналған. Бүгінде бұл вакцина қаланың барлық емханасында қолжетімді.

Осы орайда айта кетсек, ревакциналау вакцинаның толық курсынан кейін 6 айдан ерте жүргізілмейді. «Спутник Лайт» – векторлы вакцина, оның құрамы «Спутниктің» бірінші компонентіне ұқсас.

«Алматыда ревакциналауға арналған мынадай вакциналар бар – QazVac, VeroCell және Спутник Лайт. Pfizer препаратымен тиісті контингент, сондай-ақ, 60 жастан асқандар мен медицина қызметкерлері ревакцина жасай алады», – деп хабарлады Алматы қалалық Қоғамдық денсаулық басқармасының баспасөз қызметі.

ӘЛЕМ ЖӘНЕ ПАНДЕМИЯ

Қарттарды
ревакциналай
бастады

РЕСЕЙ елінде коронавирус бір тәулікті 700 мыңнан астам адамнан анықталған. 700-дей тұрғын қайтыс болған. Мәскеу мен Санкт-Петербург қалаларында эпидемиология аса мез емес. Ковид жұқтыру деректерінің жарысынан астамы «дельта» штаммымен байланысты дейді сарапшылар.

ЖАҢА ЗЕЛАНДИЯ «омикронға» байланысты қауіптің «қызыл деңгейін» жариялады. Жаңа шектеу шараларына сәйкес, тұрғындар бетперде тағуға міндеттеледі. Ғимаратқа кірер алдында азаматтар ковид-төлкүжат көрсетуге тиіс. Сонымен қатар, қандай да бір іс-шараларға 100 адамнан артық қатысуға тыйым салынған.

ЖАПОНИЯ қарттарын да ревакциналауды бастады. Өйткені, коронавирус бұл аймақты да шыр айналдырып тұр. Тіпті, билік екінші және үшінші дозаны салдыру арақашықтығын 8 айдан жарты жылға қысқартып отырған көрінеді.

ҮНДІСТАН дәрігерлері шалғайда орналасқан елді мекендеріне жаяу-жалпылап аттанып жатыр. Мақсат – тұрғындарға вакцина салу. Адам аяғы баспайтын аймақтың бірі – Джамму мен Кашмирдегі Барамула ауданы. Бұл өңірге жету үшін дәрігерлер тау-тасты кезіп, керек болса шыңға өрмелеп жетуде. Олардың бұлай жанкешті күй кешуіне ковидтің күрт өршуі себеп көрінеді. Тек өткен тәуліктің өзінде бұл елде 330 мыңнан астам адам вирус жұқтырған.

КИПР билігі 1 наурыздан бастап вакцина алған туристерден ПТР-тест анықтамасын талап етпейді. Мұнда келген саяхатшыларды да карантинде ұстамайды. Кипр Еуропада мақұлданған вакциналардың бәрін қолданады. Сонымен қатар, ресейлік «Спутник V» мен қытайдың Sinopharm, Sinovac препараттарына да рұқсат етілген.

ДДСҰ 5–11 жас аралығындағы балаларға Pfizer/BioNTech вакцинасын салуға рұқсат берді. Балаларға 10 микрограммға дейін азайтылған доза ұсынылады, бұл 12 жастан асқан балалардың дозасынан үш есе аз. Сонымен қатар, қауіпті топқа жататын адамдарға, яғни қарттар немесе медицина қызметкерлеріне екпеден 4–6 ай өткен соң коронавирусқа қарсы бустерлік вакцинаны қабылдауды ұсынып отыр.

ҚАЛАЛЫҚ ШТАБ

РЕВАКЦИНА – ЖАЛҒЫЗ ЖОЛ

Алматы қаласының тыныс-тіршілігін қалпына келтіру жөніндегі қалалық штаб отырысында сөйлеген сөзінде мегаполис әкімі Б.Сағынтаев КВИ-ға қарсы вакцина және ревакциналау жұмыстарын күшейту туралы айтты.

Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасының басшысы Нариман Табынбаевтың айтуынша, 24 қаңтардағы жағдай бойынша қалада коронавирустық инфекцияның 205 667 жағдайы тіркелген, оның ішінде 180 006-сы симптомды, ал 25 661-і симптомсыз, 2910-ы анықталмаған пневмония.

Инфекциялық стационарларда (3310 төсек-орын) 1514 адам (оның ішінде вакциналанғандар – 387, 189 бала), оның ішінде 42-сі

өте ауыр, 274-і ауыр, 1098-і орташа дәрежеде ауыр, 199-ы жеңіл, 1-еуі симптомсыз.

Алматы қаласында халықты коронавирустық инфекциядан қорғау мақсатында жаппай вакциналау жалғасуда.

Н.Табынбаевтың айтуынша, вакциналау үшін медициналық ұйымдарда, мектептерде, мәдениет, спорт объектілерінде, базарларда және қаланың СОСО-да 250 егу пунктін іске қосу жоспарлануда. Бүгінгі күні оның 119 пункті жұмыс істейді. Толық режимде 520 адамнан тұратын 140 егу бригадасының жұмысы жүйелі түрде жолға қойылған.

Күн сайын халық арасында жетекші БАҚ, интернет-порталдар, «Алматы» телеарнасы, әлеуметтік желілер арқылы ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

Бүгінгі күні барлығы 1 099 187 адам вакциналанды. Оның ішінде 24 695-і құқық

қорғау органдарының қызметкерлері (полиция, ТЖМ, Қорғаныс министрлігі, ҰҚК, ІІМ, ҚР Мемлекеттік күзет қызметінің қызметкерлері), 35 546-сы (100%) педагог, 38 983-і (100%) медицина қызметкері.

Pfizer вакцинасын 37 757 адам алды, оның ішінде 2030-сы жүкті әйел, 8173-і бала емізетін ана, ал 27 554-і бала.

Бұдан басқа, қалада КВИ ревакцинасы жүргізілуде. Бүгінгі таңда 116 853 адам қайта вакциналанды (Pfizer – 8 674), оның ішінде 18 306-сы медицина қызметкері және 60 жас-тан асқан тұрғындар – 6325.

Алматы қаласының әкімі Б.Сағынтаев қалада «омикрон» нұсқасының тез таралып жатқанын ескерте отырып, вакциналау және ревакциналау бойынша жұмыстарды күшейтуді тапсырды. Әкім алматылықтарға вакциналауды кешіктірмеуге, ал одан өткен адамдарға бустерлік дозаны алуға кеңес берді.

ЖАҢА ҚАУЛЫ

БОСАҢСУҒА НЕГІЗ ЖОҚ

Алматы қаласы бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің жаңа қаулысы шықты. Бас санитардың мұның алдындағы 2022 жылғы 13 қаңтардағы №1 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Соған сәйкес:

– спорт-сауықтыру орталықтарына, моншаларға, сауналарға, бассейндерге тек «жасыл» мәртебесі бар және коронавирус инфекцияға қарсы вакцинациялауға тұрақты медициналық қарсы көрсетілімі бар адамдарға ғана рұқсат беріледі;

– Ashyq жобасына қатысатын әлеуметтік-экономикалық объектілердің қызметін Қазақстан Республикасының бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2022 жылғы 13 қаңтардағы №1 қаулысының 4 және 5 қосымшаларына сәйкес өлшем-шарттарына сәйкес жүзеге асады;

– тіршілікті қамтамасыз ету және коммуналдық шаруашылық объектілерін қоспағанда, қызметкерлердің COVID-19-

ға қарсы вакциналануы және ревакциналануына қарамастан, мемлекеттік органдардың, ұлттық компаниялардың әкімшілік персоналының және барлық меншіктің нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың кенсе қызметкерлерінің кемінде 70%-ы қашықтан жұмыс істеу режиміне ауыстырылады.

Сондай-ақ, 24 қаңтардан бастап оқыту форматында өзгерістер болады. Яғни мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналардың өтініші бойынша штаттық форматта; жалпы білім беретін мектептерде («қызыл» аймақ): 1–4 бастауыш сыныптар (халықаралық мектептерде 1–6-сыныптар) штаттық форматта; 600 оқушыға дейінгіні қоса алғанда – штаттық форматта; 600 оқушыдан жоғары – мектептердің жобалық қуатының 50%-нан аспайтын жүктемемен штаттық форматта; мектептен тыс ұйымдарда, қосымша білім ұйымдарында, балалар мен ересектерге арналған түзету орталықтарында штаттық форматта; жоғары оқу орындарында және колледждерде («қызыл» аймақ) аралас форматта – практикалық, зертханалық, семинар сабақтар, практика кесте бойынша штаттық режимде, доріс онлайн өткізіледі.

МАМАН ПІКІРІ

«ОМИКРОН»
ӨТЕ ЖҰҚПАЛЫ

Халықаралық рейстерді шектеумен індеттің таралуы азаймайды. ҚР Профилактикалық медицина академиясының президенті Алмаз Шарман осылай дейді.

«Адам қай елге, қалай барса да, инфекцияның таралуы жоғары қарқынмен өрши береді. Сол себепті, бұл тұрғыда халықаралық рейстерді шектеу ерекше рөл ойнамайды. Дегенмен, Рождество мерекесіне орай демалыстар қарсаңында Еуропада күніне төрт мыңға жуық халықаралық рейс ұшуын тоқтатты. Себебі, ұшқыштар коронавирустың «омикрон» штамын бірінен соң бірі жұқтыра бастады. Сондықтан «омикронға» байланысты эпидемияға қарсы барлық шара сақталуы керек», – деді Алмаз Шарман.

Бұдан бөлек, А.Шарман экономикалық белсенділіктің бәсеңдеуінде халықаралық байланыс, рейстер мен саудадағы шектеулер үлкен рөл атқарғанын атап өтті. «Пандемия әлемнің көптеген елінде экономикалық белсенділіктің күрт төмендеуіне әкелді. Жалпы ішкі өнім азайды. Логистика мен жұмыс орындарын құруда көптеген мәселе туындады», – деді ол.

Профессор да «омикронның» өте жұқпалы екенін айтып отыр. «Жаңа

«омикрон» «дельтамен» салыстырғанда мың есе жұқпалы. Дегенмен, ол инфекция мен алғашқы белгілердің пайда болуы арасындағы қысқа мерзіммен сипатталады. «Омикронның» ауыр асқынуды аз мөлшерде тудыратыны да айтылады. Ол негізінен, жоғарғы тыныс жолдарында шоғырланған. Өкпеге сирек түседі. Дегенмен, қарт адамдар мен созылмалы аурулары бар адамдарға, сондай-ақ жас балаларға үлкен қауіп тудырады. Сондықтан барлық сақтық шарасы ауадай қажет. Себебі, індеттің жұқпалылығынан науқастар ауруханаға әлі көп түсетін болады. Қазір көптеген медицина қызметкерлері де ауру жұқтыруда. Сол үшін бетперде тағу, әлеуметтік арақашықтықты сақтау және вакциналау режимі сақталуда. Осы орайда, вакцинаның бустерлік дозасы егде жастағы адамдар мен созылмалы ауруы барларға ауыр зақымданулардың деңгейін айтарлықтай төмендетеді дегім келеді», – дейді профессор.

ЭПИДАХУАЛ

Алматыда эпидемиологиялық ахуал күннен-күнге күрделеніп барады. Қала «қызыл» аймақта. Шаһарда коронавирусты қайта жұқтырғандар саны 2 есе өсті.

Екпе алмағандар қайта
жұқтыруда

Бұл туралы Алматының бас санитарлық дәрігері Қарлығаш Әбдіжаббарова мәлім етті. Оның айтуынша, «омикрон» штамына байланысты қала тұрғындары арасында күн сайын вирус жұқтырушылар саны артып келеді. «Омикронның» «дельтаны» ығыстыруына байланысты жағдай тіпті қиындай түскен. Оны тәуліктік өсіммен байқауға болады. Кейінгі күндері коронавирус жұқтырған адамдардың саны 2500-ге жетті. Қаңтар айының соңында бір күнде 3 мыңға жетеді деген болжам бар», – дейді Алматының бас санитарлық дәрігері.

Сонымен қатар, ол мегаполисте коронавирусты қайта жұқтырғандар саны артқанын да жеткізді. «Алматыда коронавирусты қайта жұқтырғандар саны соңғы аптада екі есе өсті. Жыл басынан бері 16 есеге артқан. Айта кету керек, бұл адамдардың басым бөлігі коронавирусқа қарсы екпе алмаған», – деді Қарлығаш Әбдіжаббарова.

ЖАҢА ШТАММ

Жылдам
таралуымен ерекше

«Омикрон» жұқтырғандардың жартысынан көбінде кездесетін белгілер аталды. Мәселен, Бангладештегі науқастардың төрттен үшті (73%) мұрыннан су аққанына шағымданған.

Жергілікті профессор Назмул Исламның мәлімдеуінше, бас ауруы науқастардың 68%-ында байқалған, ал пациенттердің 64%-ы әлсіздік сезінгенін айтқан. Сонымен қатар, осы штаммен ауырған адамдардың кем дегенде 60%-ы жиі түшкіретіндерін айтса, 44%-ы жөтелге шағымданған.

«Біз бұл белгілерге жіті назар аударуымыз керек, өйткені олар маусымдық тұмаудың белгілері сияқты», – деді профессор.



«Омикрон» штамы былтырғы қараша айында Ботсвана мен Оңтүстік Африкада табылған болатын. Мамандардың айтуынша, онымен вакциналанған адамдар да ауыруы мүмкін. Жаңа штамм 110 елде, соның ішінде Қазақстанда да тіркеліп отыр. Ол осыған дейін анықталған «дельта» штамымен салыстырғанда жылдам таралады.

**Бетті дайындаған
Нұржамал ӘЛШЕВА.**



БРИФИНГ

ҒИМАРАТТАР БИІКТІГІ ШЕКТЕЛЕДІ

Алматыда әлеуметтік маңызы бар нысандардың құрылысы және оларды қалпына келтіру барысы туралы брифинг болып өтті. Оған қала әкімінің орынбасары Мұхит Әзірбаев пен бірқатар басқарма басшылары қатысты. Онда құрылыс, энергетика, шаһарда атқарылып жатқан жұмыстар төңірегінде әңгіме өрбіді.

Серік
ЖҰМАБАЕВ

Мұхит Әзірбаевтың айтуынша, құрылыстың жаңа ережелері өткен жылы тарихи орталықтың сақталуын ескере отырып қабылданды. Оларға мектептерді, балабақшаларды және басқа да инфрақұрылымды кадамдық қолжетімділікпен қамтамасыз ету бойынша тұрғын үй кешендерін салушылардың міндеттемесі де енгізілген.

«Абайдан жоғары ал-Фараби даңғылы мен Жандосов көшесіне дейінгі, Шығыс айналма жолынан Саин көшесіне дейінгі учаскелердегі тұрғын үй ғимараттарының биіктігі шектеледі. Сондай-ақ, тау баурайларында аз қабатты ГҮК салуға тыйым салынады», – деді ол.

Осыған байланысты көрсетілген аудандардағы ғимараттар биіктігінің шекті параметрлерін 5 және 9 қабаттан аспайтын етіп салу ұсынылады. Сондай-ақ, спикер ескірген тұрғын үйлерді реновациялау бағдарламасын одан әрі іске асыру туралы айтып берді.

«Меншік иелерінің 100%-ы жеке инвесторды тартуды қолдайтын үйлерді қоспағанда, ескірген тұрғын үй қорын

бюджет қаражаты есебінен реновациялау бағдарламасын одан әрі іске асыру бойынша шешім қабылданды», – деп хабарлады әкім орынбасары.

Ол қазіргі уақытта қалада 1930–1975 жылдары салынған, пайдалану мерзімі өткен 1427 екі қабатты үй бар, онда 60 000-нан астам қала тұрғыны тұратынын нақтылады. 6637 пәтерлі 708 ескі үйді бұзу және 34 605 пәтерлі 683 тұрғын үй салу жоспарлануда.

«Ескі үйлердің тұрғындары жаңа тұрғын үй қорына көшіріледі, ал бұзылатын тұрғын үй аумақтары қала мұқтажын қамтамасыз ету және жасайтын ортаны қалыптастыру үшін пайдаланылады», – деп түсіндірді М.Әзірбаев.

Бүлінген нысандар қалпына келтіріледі

Алматыда зардап шеккен ғимараттарды жөндеу және қалпына келтіру жұмыстары жүріп жатыр. Бұл туралы Алматы Өңірлік коммуникациялар қызметінің онлайн-брифингінде қала әкімінің орынбасары Мұхит Әзірбаев мәлімдеді. Спикер мегаполисте 291 ғимарат, оның ішінде 62 әкімшілік ғимарат зардап шеккенін еске салды.

«Рұқсат алған сәттен бастап, 12–16

қаңтар аралығында өрттен зардап шеккен үй-жайларды тазарту жүргізілді. ҚазҚСҒЗИ «Қазақстан» телеарнасының, Бас прокуратураның өкілдігінің, Алматы полиция департаментінің және аудандық полиция басқармаларының ғимараттарындағы техникалық тексеруді аяқтады. Қалалық әкімдік ғимараты бойынша зерттеу нәтижелері 2022 жылдың 28 қаңтарына күтілуде», – деді әкім орынбасары.

Оның айтуынша, ірілендірілген сметалық норма бойынша жалпы сомасы 28,6 млрд. теңгеге 10 нысанды қалпына келтіру жұмыстарының алдын ала құны есептелген.

«Қазақстан» ТА және қалалық әкімдік ғимараттарын күрделі жөндеу мен қайта жаңартуды 1 тамызға дейін аяқтау көзделіп отыр. Сондай-ақ, жеті нысанда, оның ішінде Бас прокуратура ғимаратында, сондай-ақ Полиция департаментінің тоғыз ғимаратында ағымдағы жөндеу жұмыстары басталды. Ағымдағы жөндеудің барлық нысандары бойынша жоспарлы аяқтау мерзімі – 1 мамырға дейін», – деп нақтылады Мұхит Әзірбаев.

Сонымен қатар, оның айтуынша, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі есебінен мемлекеттік органдардың 28 нысанында жөндеу жұмыстары жүргізілуде: бес денсаулық сақтау нысанының үшеуінде жұмыстар аяқталды, үш аудандық полиция басқармасында оларды 28 қаңтарға дейін аяқтау жоспарлануда, зардап шеккен 20 модульдік полиция бекеттерінің бесеуі толығымен өртенген – олардың орнына жаңалары орнапылады, тағы 15-і қалпына келтіріледі, олардың 9-ында жұмыстар аяқталу сатысында.

«Бүгінде жұмыс комиссиясы Алматыда 281 ШОБ нысанын анықтады, онда жөндеу қажет, олардың сегізінше күрделі. Зардап шеккен нысандардың жалпы санынан 184-і бойынша техникалық тексеру басталды, 87-і мемлекеттік сараптамаға жолданды, 24-і расталды. Қалған 97 ШОБ нысаны өз қаражаты есебінен қалпына келтіріліп, 13 нысанда жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары аяқталды», – деді қала әкімінің орынбасары.

Спикердің айтуынша, тәртіпсіздік кезінде 11 тұрғын үй зардап шеккен. Оларды қалпына келтіруді осы аптада бастау жоспарлануда, 51 пәтердің терезелері қайта салынууда.

теңге шығын келтірілгенін мәлім етті. «Нақты шығынды деп басып айта алмаймын. Алайда, алдын ала болжам бойынша 60 млн. теңге. Жол қозғалысын реттеудің техникалық құралдарына 50 млн. теңге, жол жабындысына 10 млн. теңгеге жуық шығын келді», – дейді спикер.

Басқарма басшысы ағымдағы жылы «Алғабас», «Әлмерек», «Қайрат» секілді 3 шағынауданда 44 шақырым жаңа жол құрылысы жалғасатынын айтты. Сонымен қатар, «Ақжар», «Шұғыла», «Шапағат» шағынаудандарында тағы 55 шақырым жаңа жолдардың құрылысы басталады. Осы тұста басқарма басшысы жол-құрылыс жұмыстары Энергия тиімділігі және инфрақұрылымдық даму басқармасымен үйлесе отырып, инженерлік желілер құрылысының аяқталуына қарай орындалатынын еске салды.

Спикердің айтуынша, бүгінде «Боралдай», «Теректі», «Рахат-Мәдениет» шағынаудандарында жалпы ұзындығы 80,2 шақырым құрайтын жаңа жолдардың құрылысына жобалау-сметалық құжаттамалары әзірленуде. Айта кетейік, бұл шағынаудандардағы жол-құрылыс жұмыстарын бастау су және кәріз желілерін салу толық аяқталғаннан кейін 2023-2024 ж.ж. жоспарланған. Сонымен қатар, ағымдағы жылы жалпы ұзындығы 221 шақырымды құрайтын 224 көшеде жолдардың орташа жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Оның ішінде ұзындығы 81 шақырым құрайтын 23 магистральды көше қарастырылған. «Ақбұлақ», «Дархан», «Қарасу», «Тастыбұлақ», «Шұғыла» шағынаудандарының жолдарын жөндеу де биылғы жоспарда бар. Жол-жөндеу жұмыстары ауа райының қолайлы жағдайы орныққаннан кейін басталады. Жол жабынында пайда болған ақауларды уақытылы жөндеу жұмыстары үздіксіз жүргізіледі.

КӨМЕК

Өтемақы берілуде

Алматыда қаңтардың басында болған жаппай тәртіпсіздік кезінде зардап шеккен жеке тұлғаларға өтемақы төленеді.

Әсел
ДАҒЖАН

Алматыда болған тәртіпсіздіктер кезінде мемлекеттік органдардың, ауруханалар мен БАҚ-тың 603 қызметкері зардап шеккен. Оның ішінде, құқық қорғау органдарының 592 қызметкері, Төтенше жағдайлар департаментінің 1 қызметкері, жергілікті атқарушы органдардың 3 қызметкері, «Алматы» телеарнасының 1 қызметкері және медициналық ұйымдардың 6 қызметкері бар. Олардың барлығына өтемақы төленетін болды.

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ілияс Өсеровтың айтуынша, зардап шеккендерге төлемдер келесі дәрежелерге қарай беріледі. Ауыр дәрежеде зардап шеккендер – 2 млн. теңге, орташа дәрежеде – 1 млн. теңге, жеңіл түрде – 500 мың теңге төленеді. Сонымен қатар, қалада төтенше жағдай кезінде жұмылдырылған Полиция департаментінің 3878 қызметкеріне, Төтенше жағдайлар департаментінің 1207 қызметкеріне, Қоғамдық денсаулық басқармасының 3888 қызметкеріне, құтқару қызметінің 93 қызметкеріне 100 мың теңге қаржылай көмек төленеді.

«Бүгін тиісті құжаттар қазынашылыққа жіберіліп, түстен кейін алғашқы төлемдер жасалады», – деді Ілияс Өсеров. Сондай-ақ, тиісті тергеу әрекеттері аяқталған соң зардап шеккен автокөліктерге төлемдерді қамтамасыз ету үшін Полиция департаментіне шамамен 200 млн. теңге мөлшерінде бастапқы сома жіберіледі. «Қажет болған жағдайда бұл сома көбейтіледі», – деді қала әкімінің орынбасары.



CALL-ОРТАЛЫҚ

Сенім телефоны іске қосылды

Алматы қалалық Полиция департаменті тәртіпсіздіктер кезінде тұтқындалғандарды іздестіру үшін арнайы сенім телефонын іске қосты.

Ақтолық
ТҰРЛЫҒАЗЫ

«Сіз call-орталыққа хабарласып тергеу изоляторларындағы адамдар мен басқа да мәселелер бойынша ақпарат ала аласыз. Адвокаттар да осы call-орталықтарға жүгіне алады. Азаматтардың конституциялық құқықтарын мүлтіксіз сақтау бойынша барлық қажетті шара қабылданып жатқанына сендіргім келеді», – деді Алматы қалалық Полиция департаменті бастығының орынбасары Рустам Әбдірахманов.

Мына телефон нөмірі бойынша +7 (727) 290-19-01 байланыс орталығына хабарласуға болады.



#КҮШІМІЗБІРЛІКТЕ

Жан жылуымен бөлісті

Елімізде қаңтар айында орын алған оқиғаға байланысты кеше «Ауыл» ХДПП Алматы қаласы филиалы «Күшіміз – бірлікте» акциясын өткізді.

Әсел
БЕЛДЕУБАЕВА

Акция барысында партия белсенділері аз қамтылған және көпбалалы отбасыларға 190 азық-түлік себетін үлестірді. Олар негізінен, Бостандық, Наурызбай және Алатау аудандарының тұрғындарына берілді. Ұйымдастырушылар «акция арқылы жалғызбасты қарт адамдар, аз қамтылған көпбалалы, жағдайы төмен және мүмкіндігі шектеулі отбасыларды азық-түлікпен қамтамасыз етіп, оларға қолдау көрсеткіміз келді» дейді. Демеушілер азық-түлік себетіне ұн, күріш, шемішке майы, кант, макарон өнімдері, шәй, кәмпіт, 3 түрлі ботка және печенье секілді ең қажетті өнімдер түрін салған. 40 азық-түлік себетін «Ауыл» партиясы таратса, 150 азық-түлік себетіне жеке кәсіпкер Мәйкен Гүлшар демеушілік көрсетті. Осыдан 3 жыл бұрын Қытайдан атамекенге көшіп келген қандасымыз елге оралғалы тұрақты түрде қайырымдылықпен айналысып келеді. Демеушінің айтуынша, осындай қиын-қыстау кезеңде бір-бірімізге қолдау көрсетіп, жан жылуымен бөліссек, айналамызда жақсылық көбейеді.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Жол салу жұмысы жалғасады

Алматыда 2025 жылға дейін жолдың сапасын жақсарту жұмыстары жоспарлануда. Ал ағымдағы жылы шекті аймақтарда жаңа жол құрылысы жалғасады. Бұл туралы жол инфрақұрылымын дамыту туралы онлайн форматта өткен баспасөз-конференциясында Алматы қалалық мобильділік басқармасының басшысы Ғани Мырзаханов мәлімдеді.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Спикердің айтуынша, 2025 жылға дейін жолдардың жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы үлесін 95%-ға жеткізу мақсатында жалпы ұзындығы 290 шақырым жаңа жолдардың құрылысын қамтамасыз ету (2022 жылы – 70 шақырым, 2023 жылы – 70 шақырым, 2024 жылы – 70 шақырым, 2025 жылы – 80 шақырым), жыл сайын кемінде 200 шақырым жолдарға орташа жөндеу және 350 мың шаршы метрден астам асфальт-бетонды жабынға ағымдағы жөндеу жүргізу жоспарланған.

Брифинг барысында басқарма басшысы Алматы қаласының көше-жол желісінің ұзындығы 3096 шақырым құрайтынын тілге тиек етіп, оның 234 шақырымында асфальт жабыны жоқ екенін айтты. Алматыдағы жолайрықтар салу жұмысының барысынан хабардар еткен басқарма басшысы:

– Өткен жылы Рысқұлов даңғылы мен Емцов көшесінің қиылысындағы жолайрық бойынша көлік қозғалысы

ашылған болатын. Ағымдағы жылы 3 жолайрықтың құрылысы, яғни Бұқтырма көшесі – Құлжа күре жолы, Сейфуллин даңғылы – Жансүгіров көшесі және Саин көшесі – Мөңке би көшесі қиылыстарындағы жұмыстар жалғасады. Бүгінгі күнде Бұқтырма көшесі – Құлжа күре жолы жолайрығы бойынша құрылыс жұмыстары кестеге сәйкес жүргізілуде. Қала аумағында орналасқан қажетті жер телімдерін сатып алу толығымен аяқталды. Таңғар ауданы аумағында орналасқан 2 жер телімін сатып алу қалып отыр. Бұл мәселемен Алматы облысының әкімдігі айналысуда және бұл жер телімдерін сатып алу жақын арада орындалатын болады. Ағымдағы жылдың бірінші жарты жылдығының соңына дейін эстакада мен жанама жолдарын салу бойынша құрылыс жұмыстарын аяқтап, көліктің барлық бағытта жүруін қамтамасыз ету жоспарлануда. Жолайрық бойынша жұмыстар ағымдағы жылдың қыркүйек айында толық аяқталады», – деді.

Брифингте өткендегі дүрбелең кезінде жол инфрақұрылымына келген шығын туралы да айтылды. Ғани Мырзахановтың баяндауынша, қала әкімдігінің алдын ала болжамы бойынша жол қозғалысын реттеудің техникалық құралдарына 60 млн. теңгеге жуық шығын келген. Тәртіпсіздік кезінде 46 бағдарламалық зақымданып, 120-дан астам мандайша мен панель сынған. Қазіргі уақытта барлық нысандар қалпына келтірілді. «2 мың шаршы метрден астам тротуар жабындысы бұзылды – бұл негізінен, Райымбек даңғылы мен Төле би көшесінің бойындағы тротуарлар. Қазір оның бәрі қалпына келтірілді. Сонымен қатар, техника жанып кеткен жерлердегі асфальттар ауыстырылды», – деді ол. Сонымен қатар, басқарма басшысы жаппай тәртіпсіздіктер кезінде жол инфрақұрылымына шамамен 60 млн.



СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?

Ежелгі гректердің сенімі бойынша өнердің пірі муза екені мәлім. Ал қай музаға қай өнер түрі тиесілі екені жөнінде грек мифтерінде әдемі аңыз бар.

ӨНЕРДІҢ ПІРІ



- Каллиопа – эпикалық поэзияның, яғни батырлық жыр-дастандар музыкасы;
- Эвтерпа – лирикалық поэзия музыкасы;
- Эрато – махаббат жырларының музыкасы;
- Талия (Фалия) – комедия музыкасы;
- Мельпомена – трагедия музыкасы;
- Терпсихора – би музыкасы;
- Клио – тарих музыкасы;
- Урания – астрономия музыкасы;
- Полигимния (Полимния) – әуелі бидің музыкасы болған, кейіннен әнұрандар мен пантомиманың музыкасына айналды.

Аталған музалардың әрқайсысы көркем бейнеде, өз ерекшеліктеріне сәйкес атрибуттарымен салынған. Мәселен, Каллиопа қыл тақтаға үшкір қылқаламмен қарап тұрғандай бейнеленсе, Эвтерпа сыбызғымен, Талия күліп тұрған маскада және қолындағы желпушімен бірге, Урания глобус пен циркуль ұстаған күйде кескінделген. Аталған музалардың тұратын мекені мусеон деп аталған, яғни бүгінгі музей сөзі осыдан келіп шыққан.

...Ерте-ерте ертеде қаһарлы Зевс пенен естеліктер «құдайы» Мнемосина көңіл қосыпты. Олардың 9 қызы болыпты. Зевс 10 саусағынан өнері тамған музакыздарының әрқайсысына бір-

біріне ұқсамайтын міндеттер жүктепті. Өнердің әр түрінің өз музыкасы осылайша сонау ежелгі дәуірде пайда болыпты. Сонымен, қай муза қай өнердің бастауында тұрғанына тоқталып өтсек:



ЖҰМБАҚ КІТАП

Әлем жұртшылығына ұлы композитор ретінде танылған Иоганн Себастьян Бахтың көптеген қырлары зерттелмей, белгісіз қалған.

Бахтың көпшілік білмейтін хоббиі болған. Бах карта ойындарының түр-түрін білген және сол карта ойынының 80-ге жуық түрі жайлы зерттеу еңбек жазған деген әңгіме бар. Кітап сол тұста жарық көріп, ел арасына кеңінен

таралған. Көптеген қаламгерлер, драматургтер, тіпті ақындардың өзі кейбір шығармаларын жазғанда соған арқа сүйегенге ұқсайды. Бірақ өкінішке қарай, кітап белгісіз жағдайларға байланысты жоғалып кеткен.

ҚОМАҚТЫ ТАБЫС КӨЗІ

Француз тілінен аударғанда «пайда», «кіріс» дегенді білдіретін «бенефис» терминінің театр әлемінде алар орны ерекше.

Бенефис – белгілі бір өнер адамының, көбіне әртістің мерейтойы қарсаңында оның шығармашылық шеберлігінің алдында бас ию ретінде қойылатын арнайы спектакль. Оның «бенефис» деген терминге қатысы сол, қойылымнан түскен табыс толығымен сол адамға сыйақы ретінде ұсынылады.

Әлемде тұңғыш рет бенефис 1735 жылы Францияда бастау ал-

ған. Ал Ресейге бұл үрдіс 1783 жылы еніп, 1809 жылға дейін бенефис тек әртістердің ғана емес, драматург, сазгерлердің құрметіне де қойылып келген. Сол тұстағы орыс театры билікке бағынышты болса да, бенефис берушіге көрсетілген құрмет сондай, ол өзінің бенефисінде қандай қойылым қою керектігін тандау құқығына ие болған. Соның арқасында өнер адамы

табысты көп әкелетін қойылым қойып, қалтасына қомақты қаржы түсіре алған. Ал бертін келе кеңестік кезеңде бенефистің бастапқы салты өзгеріп, одан түскен қаржы қазынаға құйылып, әртиске тек белгілі бір бөлігі ғана сыйақы ретінде ұсынылды. Бүгінде бір жақсысы, бастапқы бенефис дәстүрі қайта жаңғыртылуда.

Қазір сонымен қатар, «бенефис» термині өзінің негізгі мағынасынан бөлек, яғни спорт командасына және тіпті кез келген ұтымды әрі нәтижелі іске де қатысты қолданыла беретін болды.

6 шекті және 7 шекті гитараның бар екені белгілі. Ал осы екеуінің бір-бірінен қандай айырмашылығы бар?

Гитараның төресі

Бір қарағанда өзара ешқандай айырмашылық байқалмағанмен, бір шектің өзі ойнаушының сау-сақ қимылын кәдімгідей өзгертеті. Негізінде, 7 шекті гитара дауысқа арналған, яғни ән айтуға жақсы болса, 6 шекті гитара классикалық репертуарларға арналған деп айтылады. Дегенмен, халық арасында керісінше көңілді отырыстарда ән айтуға 6 шекті гитараны қолданады. Ал классикалық музыканы нақышына келтіре орындауға бір шегі артық болса да, 7 шекті гитараның күш-қуаты жетпейді. Демек, гитараның төресі – 6 шекті гитара.

Дегенмен, егер сізде 7 шекті гитара ғана болса және құлағының күйін келтіріп алсаңыз, кез келген аккордты 6 шектіден артық болмаса, кем орындамайсыз.



Дайындаған
Роза ҚҰРМАНБАЙ.

МЕШІТ



Жаңа үлгідегі Қылует



Әсел
ДАҒЖАН

Түркістан облысында «Қылует» рухани орталығының құрылысы жүріп жатыр. Қазіргі уақытта жерасты мешіті мен медресенің іргетасы қалануда.

0,86 гектар аумақта орналасқан мешіттің аумағы 2300 шаршы метрді құрайды. Құрылыс жұмыстары өткен жылдың қазан айында басталды. Биыл жазда нысан пайдалануға берілуге тиіс. Биыл Құран оқушылар мен болашақ дін қайраткерлерін дайындайтын медреселер ашылады деп жоспарлануда. Жерасты мешітінің жанында салынып жатқан медресенің ауданы 1282,8 шаршы метрді құрайды. Рухани

орталық кәсіпкерлер мен мұсылмандардың қайырымдылық көмегі есебінен салынуда. Оған кез келген адам үлес қоса алады.

«Қылует» рухани орталығының атауы аңыз бойынша XII ғасырда сопылық ақын және рухани жетекші Қожа Ахмет Яссауи салған ежелгі жерасты мешітінің атауынан алынған. Оның атауы «Жалғыз ғибадат ету» дегенді білдіреді. Жерастында орналасқан бұл мешітке жеке намаз оқуға арналған арнайы бөлме болған.

«Түркістанда XIX ғасырдың екінші жартысында (1864-1865 ж.ж.) салынған «Қылует» мешіті болған. Мешіт ғимараты 1960 жылы бұзылып, орнына бір күмбезді жаңа мешіт бой көтерген. Кейін келушілердің көбеюіне байланысты 1980 жылы толық сүріліп, қайта салынған. 2020 жылы мешіт жарамсыз деп танылып, бұзылды.

НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

Шолпы таққан қыз



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

– Келесі аялдамадан түссіздер ме? – деді автобустағы әдемі қыз.
– Жоқ, түспейміз, өте гой, – деп әріптесім Құралай берірек жылжып, оған шығар есік алдынан орын босатты. Есікке бетін беріп, ары қарап тұрған бойжеткенге сыртынан сүйсініп қарап қалыппыз бір сәт. Өйткені, қысқа да болса шашын екі бұрым етіп өріп, екі ұшына екі шолпы тағып қойыпты. Жарасып тұр. Өдемілікті қытайдың арзан, қолжетімді бижу-терияларынан емес, өзінің ұлттық әшекейінен тапқан бойжеткен көптен ойымыздан кетпей қойды.

Бұл бізге таңсық дүние болып көрінгені рас. Себебі, «шашын он күн тарап, бес күн өрген» қазақ қызының шашбауын тек тарихи кинолардан, журнал беттерінен, ұлттық бағдарламалардан, Наурыз-тойларда ғана көретініміз болмаса, күнделікті өмірде осылай тағып жүретін қарақөздер бар деп ойламаппыз.

Шетелдіктер осы күнге дейін бізге киіз үйін арқалап алып көшіп-қонып жүретін, тек мал соңында жүрген ел ретінде қарап келді. Біле білсе, біздің қазақтан асқан фило-соф, дана халық жоқ шығар! Ешқандай оқу оқып түгеспесе де, бір ғана шолпы, шашбауының өзі қызды да, ұлды да тәрбиелей білген.

Мәселен, киіз үйдің ішінде арқаны кенге салып қойып, өз беттерінше даурығып, еркін көсіліп отырған ерлер жағы үйге таяп қалған бойжеткеннің шашбауының сыңғырын ести сала бойын тіктеп, жинақталып, сөздерін де түзеп, жеткірініп отыра-отыра қалысқан. Ал жүрген-тұрған сайын сыңғыр қағатын шолпы, шашбау қыз баланың ретсіз күлмеуіне, дөрекілік танытпауына, жалпы, оқыс қимылдарына тосқауыл болған.

Жалпы, ерте заманда шолпыны әйел заты қара ниетті тылсым күш-



терден қорғану үшін таққан деседі. Халық адамның жарты жаны шашта болады деп біліп, оны қорғау мақсатында шолпы, шашбау таққан. Кейде олардың салмағы 3 келіге дейін жеткен. Мүмкін. Өйткені, шолпының ауыр салмағы басты ауыртпайтындай, емдік қасиетке ие болған. Шолпы салмағынан шаш ұзын боп өскен. Бұл тұжырым биологиялық тұрғыдан да расталған.

Жалпы, шолпы шаштың ұшына тағылады, ал шашбау бұрымның басынан аяғына дейін шашпен бірге өріледі. Бұл зергерлік бұйымдар бұрым тарқатылмай жинақы болып тұру үшін тағылған. Тіл-көзден сақтайтын да қасиеті болған. Тіпті, сылдыр қаққан шашбау иен қазақ даласында жылан секілді жәндіктерден қорған болған. Шашқа тағылған әшекейдің сылдырын естіген жәндіктер адам келе жатқанын біліп қашқан көрінеді.

Шолпы арқаны, денені түзу ұстап, сәнді жүруді үйрететін модель мектебінің рөлін де атқарған. Яғни жас қыздардың жүрісі мен бойын тік ұстау мәнерін қалыптастырған. Міне, сізге ұлы даланың сән әлемі!

БІЗДІҢ ҚАЛАНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ

Алматы – тең мүмкіндіктер қаласы

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Алматы – еліміздің мәдени рухани ордасы. Мұнда өңірлерден келуші жастар көп. Оқу-білім іздеп, бизнесті дөңгелеткісі келетіндер қатары жыл санап артуда.

Темірлан ӘШІМ,
мұғалім:

Жастардың ордасы

Алматы жастар қаласы дер едім. Мұнда өзімнің замандастарым, достарым көп. Өзімізде осында оқуға түсуді мақсат тұттық. Бұнда студенттік шақты өткіздік. Бүгінде

ұстаздық етудемін. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен оқышыларға дәріс берудемін. Болашағымды байланыстырамын. Иә, шет елге баруға болар еді. Десе де, осында үйреніппін. Әр көшесі, тарихи ғимараттары, тауы-тасы бәрі бәрі көзімізге ыстық. Сондықтан мен үшін орны бөлек. Мұнда тек бейбітшілік, тыныштық болғанын қалаймыз. Қолдан келгенше, соған талпынамыз. Қазақтың нарғасқа тұлғалары Мұхтар Әуезов, Мұқағали Мақатаев, Ғабит Мүсірепов, т.б. ғұмыр кешкен өлкені аялау, ардақтауды парыз санаймыз.

Нұр Әлі,
қала тұрғыны:

Бұл шаһардың орны ерекше

Әр адамның мақсаты бар. Соны әркім өзінше жетілдіреді. Мен де сондай жандардың бірімін. Бұл қала менің мүмкіндігімнің шексіздігін ұғындырды. Ең басты жылдам, ұтымды уақытты пайдалана алсаңыз болғаны. Қаладағы ойын-сауық отауының бірінде қаржы маманымын. Еңбегім жемісін беруде. Біршама жетістіктер де бар. Болашаққа жоспарым көп. Сыртта жүріп, АҚШ-тың Вашингтон, Ресейдің Мәскеуін араладым. Дегенмен, бұл шаһардың орны ерекше. Адамдары жылы шырайлы, табиғаты қолайлы. Негізгісі – кәсіпке ыңғайлы. Айтарым, қастерлі өлкенің қадірін білейік.



P.S. Неміс қаламгері «Ең ғажап қала – ол адамның бақытты болған жері» депті. Жоғарыдағы ойларды түйіндегенде осыған саяды. Сүйікті қаламызды ардақтау елге құрмет білдірумен тең демекпіз.

ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

Ес білген сәтімізден еңбекке араласқандықтан, ертеңгі өміріміздің жайлы болатынына сеніміміз кәміл. Ұзақ уақыттан бері жинаған зейнетақы қорымыз ел асып, шалқып өмір сүруге жетпесе де, қартайған шағымызда алақан жайдырмайтыны айдан анық.

Ақтолқын
ТҰРЛЫҒАЗЫ

Еңбек министрлігінің дерегіне сүйенсек, Қазақстанда 2,2 миллион зейнеткер тіркелген. Орташа зейнетақы мөлшері 94,9 мың теңгеден (\$220) асады. Ерлердің зейнетке шығу жасы 63 жастан, әйелдер үшін 59,5 жастан басталады. Сонымен қатар, әйелдердің зейнетке шығу жасын жыл сайын кезек-кезеңімен арттыру қарастырылған. «Қазақстанда орташа айлық жалақыны ескергенде азаматтар зейнетке шыққаннан кейін 2,15 есе аз алады. Салыстырмалы түрде Ресей, Италия, Финляндия және Канадада жалақы мен зейнетақы төлемдерінің арақатынасы да осындай. Десе де, Данияда зейнетақы мөлшері ай сайынғы табыстан 1,27 есе төмен», – дейді сарапшылар.

Осы орайда, басқа елдерде зейнеткерлер қалай өмір сүреді деген ойға келеміз. Мысалы: **Лихтенштейнде** әлем бойынша ең жоғары жалақы анықталды. Жалақы мөлшері айына орта есеппен 5 мың еуродан астам (\$5850). 64 жаста зейнетке шыққан тұрғын орташа есеппен 3 мың еуро (\$3510) мөлшерінде төлем алады. Бұл ай сайынғы жалақымен салыстырғанда небәрі 1,66 есе аз. Ал **Данияда** еңбекке қабілетті халық орта есеппен 24 315 крон (\$3835) алады. Ал 65 жастан асқан зейнеткерлер 9 мың крон (шамамен \$3 мың) алады, яғни бұл дегеніміз жалақыдан 1,27 есе аз. **Финляндияға** келсек, мұндағы орташа айлық табыс 3548 еуроны құрайды (\$4151). Сіз Финляндияда 63 жастан бастап орта есеппен 1522 еуро (\$1781) мөлшерінде зейнетақы төлемдерін ала аласыз, бұл жалақының жартысынан астамына тең. Орталық Азияның дамыған мемлекеті **Жапонияда** орташа жалақы мөлшері – 310 мың иен (\$2971). 65 жасында зейнетке шыққан адамдар 177 378 иен (\$1,7 мың) алады. Бұл сома жалақыдан шамамен бір жарым есе аз.

Әлем елдері қызыға қарайтын **америкалықтардың** орташа айлық жалақысы 4150 долларды құрайды, бұл зейнетақы төлемдерінен 2,76 (1503 доллар) есе көп. Зейнеткерлік жас ерлер үшін 67, әйелдер үшін 65 жас. Бірақ мерзімінен бұрын зейнетке шығуға мүмкіндік бар. Бұл жағдайда тұрғындар зейнетақы жинағындағы қаражатқа сәйкес

«Бейнетіне қарай – зейнеті»



Әлем елдерінің зейнеткерлері қанша жыл өмір сүреді?

	Халықтың өмір сүру ұзақтығы		Зейнет жасы		Зейнеткерлер қанша жыл өмір сүреді	
	Ерлер	Әйелдер	Ерлер	Әйелдер	Ерлер	Әйелдер
Қазақстан	70	77	63	60	7	17
АҚШ	74	80	67	65	7	15
Канада	80	84	65	65	15	19
Бразилия	71	79	65	62	6	17
Чили	77	83	65	60	12	23
Италия	81	86	67	67	14	19
Германия	78	83	65	65	13	18
Франция	78	84	62	62	22	16
Ұлыбритания	78	82	66	66	12	16
Норвегия	77	83	62	62	15	21

(Дереккөз: Informburo.kz сайты).

Әр елдегі зейнет жасы

Ерлер зейнетке – 60–67, ал әйелдер 58–67 жас арасында шығады. Бәрінен ерте зейнетке Түркияда шығады: ерлер – 60, ал әйелдер – 58 жаста.

АҚШ, Италия және Израильде ерлер зейнетке кеш шығады – 67 жас; *Италияда әйелдер – 67 жаста; *Ұлыбритания мен Австралияда – 66 жаста зейнетке шығады.

ғана емес, әйелдердің жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысу өтілін және зейнетақы жинақтарының көлемін ұлғайту үшін ұсынылуда.

Соңғы онжылдықтарда кейбір елде зейнет жасын жыл сайын көтеру үрдісі пайда болды. Айта кетерлігі, зейнет жасын көтеру мәселесі тек біздің елімізде ғана емес, көптеген шет елдерде, нақты айтқанда, Ұлыбритания, Германия, Франция, Норвегия, Швеция, Оңтүстік Корея, Чехия, Әзербайжан, Украина, Эстония сынды мемлекеттерде де қолға алынуда. Еуроодақтың 18 елінде әйелдердің зейнетке шығу жасы 2020 жылы ерлердің жасымен теңестірілетін болса, 5 ел оны әзірше кейінге қалдырып отыр. Бұл мемлекеттерде зейнеткерлік жасты арттыру кезек-кезекмен жүргізіледі. Әдетте ол жылына 2 айдан 6 айға дейінгі мерзімді құрайды. Мысалы, Оңтүстік Кореяда әйелдердің зейнеткерлік жасын 65-ке жеткізу 20 жыл ішінде жүргізілсе, Францияда 62 жасқа дейін 8 жылда, Украинада 60 жасқа дейін 10 жылда жүзеге асырылатын болады.

20% айыппұл төлеп, 62 жасында мерзімінен бұрын зейнетке шыға алады. **Ресейде** жалақы орта есеппен 36 мың рубль (\$463). Ал зейнетақы жалақының жартысынан астамын, яғни 16,5 мың рубльді құрайды. Ресейде зейнетақы төлемдері әйелдер үшін 56,5 жастан, ерлер үшін 61,5 жастан басталады. Бауырлас еліміз **Қырғызстанда** орташа жалақы – 18 мың сом (\$215). Бұл елде зейнетке шығу жасы – әйелдер үшін 55 жас, ерлер үшін 60 жас болып бекітілген. Олар зейнетке шыққанда орта есеппен 6061 сом (\$72) ала алады. Бұл төлем мөлшері жалақыдан 3 есе аз.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ақпараттарына қарағанда, әйелдердің зейнет жасын арттыру 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша еңбек өтілінің азаюына байланысты болып отыр.

2012 жылы зейнетақы тағайындау үшін өтініш білдірген әйелдердің 12 пайыздан астамының 1998 жылғы 1 қаңтарға жинақталған толық еңбек өтілі болмаса, ал 2018 жылы зейнетке шығатын әйелдердің барлығында толық өтіл болмайды. Демек, 2018 жылдан кейін зейнетке шығатын әйелдердің зейнетақысы базалық зейнетақы мен 1998 жылғы 1 қаңтарға дейінгі еңбек өтіліне сәйкес бюджеттен ынтымақты зейнетақыны қамтиды. Бұл ретте еңбек зейнетақысы толық емес еңбек өтіліне байланысты жыл сайын бекітілетін ең төменгі зейнетақы мөлшерінен төмен болуы мүмкін. Болжам бойынша әйелдердің алатын зейнетақысы бұрынғы орташа айлық жалақының 40 пайызынан кем болмақ. Сондықтан да зейнетақы жасын біріздендіру бюджет қаражатын үнемдеу үшін



БЕЙЖІҢ-2022



82 ЖОЛДАМА, САНСЫЗ ҮМІТ

17 қаңтар күні Бейжің Олимпиадасының барлық іріктеу және рейтингтік додалар аяқталып, жолдамалардың басым бөлігі үлестірілді. Оlympic.kz порталының хабарлауынша, Қазақстан құрамасы спорттың 8 түрінен 82 жолдамаға қол жеткізді.

Шаңғымен жарысы бойынша қоржында 30 жолдама бар. Фристайлшылар тоғыз жолдамаға ие болған. Соның ішінде могул бойынша – 5, акробатика бойынша – 4 жолдама. Конькишілер мен биатлоншылар – 12, шорт-

трекшілер 9 жолдама еншіледі. Тау шаңғысы мен шаңғымен тұғырдан секіру спортынан ел құрамалары 4 жолдамадан еншілесі, шаңғы қоссайысынан отандық спортшылар 2 лицензияға иелік етті. Қазірге дейін олимпиадалық құрама сапына 32 спортшы бар. Айта кетерлігі, бұл спортшылардың соңғы әрі нақты саны емес. Себебі, ҰОК кейбір спорт түрлерінен халықаралық федерациялардың лицензияларды қайта бөлу, үлестіру нәтижелерін күтуде. Олимпиадаға қатысатын спортшылардың соңғы әрі нақты тізімі олимпиада қарсаңында белгілі болады.

Галышева және жас дарындар

Бейжіңдегі Олимпиадада фристайл-могулдан Қазақстан намысын 6 спортшы қорғайды. Халықаралық шаңғы спорты федерациясы (FIS) Қазақстан командасына қосымша квота бөлді. Нәтижесінде Олимпиадада Қазақстан атынан 4 әйел және 2 ер адам сынға түседі. Юлия Галышева, Аялым Әміренова, Олеся Граур, Анастасия Городко, Дмитрий Рейхерд және Павел Колмаков сияқты спортшылар ел намысын абыроймен қорғауға бекініп отыр.

«Виза мәселесіне байланысты АҚШ-тағы әлем кубогі кезеңіне Антон Бондарев бара алмады. Ол лицензияға қол созым жерден тоқтады. Жарақатына байланысты Сергей Романов Америкаға бара алған жоқ, ал Олен Цинн жолдамасыз қалды. Бұл жолғы іріктеу өте ауыр өтті», – деді ұлттық құраманың бас бапкері Елена Круглыхина.

Могулшылар дайындықтың соңғы кезеңін Шымбұлақта өткізді. Естеріңізге сала кетейік, 2018 жылғы Пхенчхан Олимпиадасында Ю.Галышева Қазақстанға жалғыз жүлде әкелген болатын.



Ал фристайлдың акробатика бағдарламасынан Жанбота Алдабергенова қатысады. Жанбота барлық жанкүйерді қызу қолдауға шақырды.

Вишневская жалғыз сынға түседі



Биатлоннан Қазақстан командасы Бейжің Олимпиадасына 12 жолдама жеңіп алды. Төртжылдықтың басты додасында еліміздің атынан Галина Вишневская, Александр Мухин және Владислав Киреев сынға түседі.

«Биатлоннан олимпиада лицензиясы команданың маусымдағы көрсеткіштеріне қарай берілетін. Алайда, пандемияға байла-

нысты Халықаралық битлоншылар одағы жарыс жоспарын түгелдей өзгертті. Бұрын 1-ден 20-орынға дейінгі командаларға – 4 квота, 20–23 орынға – 2 квота, 24-орыннан әрі қарай Wild Card берілетін. Биыл тек 20-орынға дейінгі командалардың квотасы сақталып, одан төмен орналасқандар жеке-кей көрсеткіші бойынша жолдама иеленді. Ал мұндай орындар бар болғаны 12 ғана. Тағы бір айта кетерлігі, Қытай командасы ТОП-20 қатарына енбесе, жарысты қабылдаушы ел ретінде автоматты түрде Wild Card бойынша 4 квота немденеді. Нәтижесінде сегіз бос орынға 35 команда таласады. Ал эстафетада 27 құрама бақ сынаиды. Осыған орай, біздің қыздар командасының алдында төрт жолдама алу мақсаты тұрды. Алайда, біздің құраманы Қытай қуып жетіп, квотадан айырылып қалдық. Қазақстан атынан Галина Вишневская ғана қатысады. Ерлер командасының алдында екі жолдама алу мақсаты тұрған. Олар бұл жоспарды орындады. Олимпиадаға Александр Мухин мен Владислав Киреев қатысады. Лицензия бүкіл командаға берілді. Бірақ осы 2 спортшының еңбегі көп. Қазіргі сәтте олар команданың үздігі саналады», – деді бас бапкер Мақсат Шаранов.

Шорт-тректен Қазақстан командасының көшбашысы, әлем кубогі кезеңдерінің жеңімпазы әрі жүлдегері Абзал Әжіғалиев пен конькимен жүгіруден төрт құрлық чемпионы Екатерина Айдова 2022 жылғы Бейжің Олимпиадасында Қазақстан олимпиадалық құрамасының туын ұстаушылар болып бекітілді.



ТУ ҰСТАУШЫЛАР – АБЗАЛ МЕН ЕКАТЕРИНА

Екатерина Айдова алғаш рет 2010 жылғы Ванкувер Олимпиадасында қатысты, кейін Сочи–2014 және Пхенчхан–2018 ойындарында ел намысын қорғады. 30 жастағы Айдова үшін Бейжің ойындары төртінші олимпиада болмақ. Тәжірибелі спортшы – конькимен жүгіруден әлем кубогі кезеңінің, 2017 жылғы Универсиада ойындарының жүлдегері, 2021 жылғы 4 құрлық чемпионатының жеңімпазы.

Абзал Әжіғалиевтің еншісінде шорт-

тректен әлем кубогі кезеңдерінің барлық жүлдесі бар, 2017 жылғы Универсиада, 2011 жылғы Азия ойындарының медалі де қоржыннан табылады. Абзал 2014 және 2018 жылдардағы олимпиадаға қатысып, Пхенчханда Қазақстанның туын көтеріп шыққан болатын. Ол мұндай құрметке екінші рет ие болып отыр.

Қысқы Олимпиада ойындарының ашылу салтанаты 4 ақпан күні Бейжіңдегі ұлттық стадионда өтеді.

5 спортшыға – 9 жолдама

Халықаралық конькимен жүгірушілер одағы (ISU) шорт-тректен Қазақстан командасына берілген олимпиадалық квоталарды растады. ISU шешімі бойынша Қазақстан командасы 5 спортшыға арналған 9 лицензия берілді (3 ер адам, 2 әйел адам).

Бейжіңде Қазақстан атынан Абзал Әжіғалиев, Денис Никиша, Әділ Ғалиахметов, Ольга Тихонова мен Яна Хан сынға түседі.

«Біз үлкен жұмыс атқардық. Жоспар бойынша, 10 лицензия алуды көздегенбіз. Бірақ бір жолдама кем түсті. 2 лицензияны Ольга Тихонова жеңіп алды. Одан бөлек, 2 ер адам, 2 әйел адам сынға түсетін қосымша эстафета бар. Осы эстафетада біздің команда 12-орын иеленді, сол себепті, біздің қыздар командасына тағы бір жолдама берілді. Бұл бәсекеге Яна Хан дайындалуда. Соңғы әлем кубогінде ол 500 метрге жүгіруден өте жақсы нәтиже көрсетіп, Қазақстан

рекордын жаңартқанын ұмытпау керек. Ерлер арасындағы бәсекеде Абзал Әжіғалиев, Әділ Ғалиахметов пен Денис Никиша бақ сынаиды. 500 метрге жарысудан үшеуі де сынға түседі. Бұл қашықтықта Денис өзін жақсы сезінеді, әлем кубогі кезеңдерінде жүлдеге иіліп жүр. Абзал – команданың көшбасшысы, ал Әділ жастығына қарамастан жоғары орындардан көрінген спортшы. Ол 500, 1000, 1500 және 3000 метрде де жақсы өнер көрсетіп жүр. Бұрын бізде мұндай спортшы болмаған. Көптеген спортшылар негізінен 500 метрді қолайлы көретін. Қазір осы 3 спортшыға үміт артып отырмыз. Әзірге басқа қашықтықтар мен эстафета туралы айтуға әлі ерте. Бұл туралы жарыс кезінде белгілі болады. Қазір команда Нұр-Сұлтан қаласында жаттығып жатыр. Бәрі де карантин шараларын сақтауда. Біздің мақсатымыз – ойынға сақадай сай спортшыларды апару», – деді команданың бас бапкері Мәдіғали Қарсыбеков.

Шаңғышылар саны – жетеу

Бейжің Олимпиадасында Қазақстан атынан жеті шаңғышы сынға түседі. Ұлттық құраманың бас бапкері Александр Батыйкин жарыс жолына Ксения Шалыгина, Валерия Тюленева, Ирина Быкова, Надежда Степаншина, Ангелина Шурыга, Виталий Пухкало және Евгений Величко шығатынын айтты.

«Алғашында сегіз жолдама аламыз деп жоспарлағанбыз. Алайда, бір квотаға қолымыз жеткен жоқ. Мен ерлер мен әйелдер

арасындағы екі эстафетаға да қатысамыз деп ойлаған едім. Біз пандемия мен шектеулерге байланысты біраз турнирге қатыса алмадық. Тек Германияның Оберстдорф қаласында өткен әлем біріншілігінде ғана бақ сынадық. Олимпиадада біздің спортшылар барлық қашықтықтар бойынша сынға түседі. Тек эстафетадан сырт қаламыз. Қазіргі таңда команда мүшелері Италияда оқу-жаттығу жиынын өткізіп жатыр. Олимпиадаға 29 қаңтар күні ұшып барамыз», – деді А.Батыйкин.

Бестік белден аса ма?

ISU шешімі бойынша, конькимен жүгіруден Қазақстан командасына 12 лицензия бөлініп, 5 спортшының олимпиадаға қатысуына мүмкіндік берілді (3 ер адам, 2 әйел адам). Төртжылдықтың басты додасында Қазақстан атынан Надежда Морозова, Екатерина Айдова, Дмитрий Морозов, Иван Аржанников және Денис Кузин бақ сынаиды.



«Біз биылғы маусымдағы әлем кубогінің барлық кезеңіне қатыстық. Атлеттеріміздің көрсеткіші жаман емес. Нәтижесінде біздің қоржынымызға 12 лицензия түсті. Кейбір спортшыларымыз бірнеше қашықтық бойынша жарысады.

Маусымдағы нәтижелерімізге көңілім толады, спортшыларымыз әлемдік жарыстарда жақсы көрсеткіш тіркеді. Қазақстанның бірнеше рекорды жаңарып, әлем кубогі кезеңі мен 4 құрлық чемпионатынан жүлде алдық. Рейтингілік ұпай берілетін жарыстарда жақсы нәтиже көрсеткініміз қуантады. Ерлер арасында 1000 метрге жарысудан Денис Кузин мен Иван Аржанников сынға түседі. Аржанников 500 метрге жарысудан, Дмитрий Морозов 1500 метр мен масс-старттан бақ сынаиды. Әйелдер арасындағы бәсекеде Надежда Морозова 1000, 1500, 3000 метрге жарысу және масс-старттан күшін сынап көреді. Екатерина Айдова 500, 1000 және 1500 метрде айдыңға шығады», – деді бас бапкер Дмитрий Бабенко.

Бетті дайындаған Естен САБАЛАҚ.



ЭКОНОМИКА

ДАМУДЫҢ СЕҢІМДІ БАҒДАРЫ

Алматы біртіндеп қалыпты өмірге
бет бұра бастады

Қала әкімі Бақытжан Сағынтаев Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес бүгінгі күннің басты тақырыбына айналған Алматыны қалпына келтіру жұмыстары бағытында жиі жиын өткізіп, алғашқы кезекте орындалатын жұмыстарды саралауда.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

ЖОҒАРЫ ДАМУ ҚАРҚЫНЫН САҚТАУҒА ҚАНДАЙ ШАРАЛАР МҮМКІНДІК БЕРЕДІ?

Тәуелсіздік жылдарында Алматыны халыққа жайлы қала ету жолында атқарылған іс көп. Бұл ретте қала әкімдігі елдегі пандемия жағдайына қарамастан экономиканы дамытуға арналған түрлі жоспарларды іске асырып, қала тұрғындарының әлауқатын арттырудың барлық шарасын жасап жатыр.

Кешегі дүрбелең болмаса, Алматы жаңа жылды экономикалық өсудің сенімді динамикасымен бастаған. Мәселен, өткен жылы қысқа мерзімді экономикалық индикатор 108,7%-ды құрады. Өнеркәсіпте – 20,1%-ға, құрылыста – 20%-ға, байланыс қызметтерінде – 13,8%-ға, саудада – 5,1%-ға осы қамтамасыз етілді.

Инвестиция тартуда жоғары динамика бар. Өткен жылы негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 17,5% өсіммен 1014,4 млрд. теңгені (ҚР-дағы үлесі – 9%) құраған. Сондай-ақ, бюджет кірістері өсімінің жоғары қарқыны қамтамасыз етілген. 2021 жылдың 11 айының қорытындысы бойынша мемлекеттік бюджетке 28,7% өсіммен 2 трлн. 558,7 млрд. теңге салық пен төлем түскен.

Алдағы уақытта да қала экономикасы дами береді. Өйткені, Алматыда қала дамуына үлес қосатын, экономикалық міндеттерді ойдағыдай шешуге, тұрақты және орнықты орындалуын қамтамасыз етуге ықпал ететін бағдарламалар да, жобалар да жеткілікті.

БАҒДАРЛАМАЛАР ЖАЛҒАСАДЫ

Мегаполисте экономиканы қалпына келтіру мемлекеттік бағдарламаларды белсенді іске асыру және кредиттеуді кеңейтумен қатар жүруде. Атап айтар болсақ, өткен жылы Almaty Finance және «Алматы МҚҰ» желісі бойынша жалпы сомасы 513 млн. теңгеге 9 жоба қаржыландырылды. «Бизнестің жол картасы–2025» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде гранттар беріледі. Сонымен қатар, белсенділігі төмен аудандарда шағын және орта бизнесті ынталандыру үшін 5%-бен кредит беру қарастырылған. Жалпы, шағын бизнесті несиелеу өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1,4 есе артып, 1 трлн. 835,9 млрд. теңгені құрады. Сондай-ақ, ШОБ үшін «Қарапайым заттар экономикасы» және «Бизнестің жол картасы» бағдарламалары жұмыс істейді. Бұл бағдарламалар өз тиімділігін дәлелдеді, оларды іске асыру ағымдағы жылы жалғасады. Уақытылы қабылданған шаралардың арқасында Алматыда 55 мыңнан астам жұмыс орны құрылды (тұрақты жұмыспен 35 935 адам, уақытша жұмыспен – 19 106 адам қамтамасыз етілді). Нәтижесінде жұмыссыздық 5,1%-ды ғана құрады.

НӘТИЖЕЛІ ЖҰМЫС

«Бастау Бизнес» жобасы көпбалалы және аз қамтылған отбасылардың өкілдеріне, жастар мен мүмкіндігі шектеулі жандарға өз ісін ашуға мүмкіндік берді. Бұл бағытта өткен жылы 2201 адам дайындық курстарынан өтіп, олардың 1200-і грант алды.

Олардың Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығында бухгалтерлік және салықтық есеп жүргізу, есеп беру қызметтерін алуға мүмкіндіктері бар. Онда мамандар заңды тұлғаны тіркеуге көмектеседі, құрылтай

құжаттарын жасап, маркетинг, Мемлекеттік сатып алу және несие бойынша кеңес береді.

Сонымен қатар, 2021 жылы Atameken Business Club платформасы іске қосылды. Аталмыш платформада бизнестің 10 саласы қамтылған бухгалтерлік есеп, салық және кадр тақырыптары және бизнесті жүргізудің басқа да өзекті мәселелері бойынша тегін онлайн-консультациялар өткізеді.

Қалада жұмысын жақсартқысы келетін және бизнестегі процестерді реттегісі келетін шағын бизнес иелері үшін Almaty Business–2021 оқыту бағдарламасы іске қосылған. Бағдарламаға қатысушыларға тәжірибелі үйлестірушілер мен сала бойынша сарапшылар қолдау көрсетеді, сүйемелдейді. Өткен жылы барлығы 1038 қатысушы оқуға қатысқан.

ҚАРАПАЙЫМ ЗАТТАР ЭКОНОМИКАСЫ

Аталмыш бағдарлама аясында Алматыда 42,7 млрд. теңгенің 27 жобасы қаржыландырылды. Бұл мегаполисте шағын және орта бизнестің дамуына айтарлықтай әсер етті. Жобалардың ішінде өңдеуші өнеркәсіп саласы 70%-ды құрап, жетекші орында тұр.

КРЕАТИВТІ БАҒЫТ

Алматыда креативті индустриялар саласын дамытудың іргетасы қаланып, бірқатар жұмыстар атқарылды. Аталмыш саланың мегаполис экономикасындағы үлесін арттыру мақсатында ауқымды шаралар қолға алынды. Оған қатысушылар қаланың барлық аудандарында креативті индустрияны дамыту үшін инфрақұрылым құру, білім беру бағдарламаларын жетілдіру, шикізат базасын, атап айтқанда, сән индустриясын арттыру мәселелерін көтерді. Сонымен қатар, зияткерлік меншікті коммерцияландыру, шығармашылық жобаларды қаржылық және қаржылық емес қолдау шараларын дамыту мәселелері қарастырылды. Қаланың заманауи креативті кеңістігін ұйымдастыру мақсатында Alatau Creative Hub ашылды. Бүгінде Dero Evolution Park құрылысы жүргізілуде, креативті индустриялар паркі мен заманауи өнер мұражайын құру жоспарлануда. De Montfort University Kazakhstan Жаңа Халықаралық университетінде мамандар даярлау үшін АТ және дизайн бойынша сұранысқа ие пәндер ашылды. Сонымен қатар, 11 креативті бағыт бойынша Almaty Creative Class білім беру платформасы құрылды.

ЭКОНОМИКА СЕКТОРЫ

Алматы индустриялық аймағында 65 компания бар. Олар 8163 жұмыс орнын құрумен қатар, 258,4 млрд. теңгені құрайтын 67 жобаны іске асырады. Бүгінде 19 жоба іске асырылды. 282,8 млрд. теңгенің өнімі өндіріліп, 3177 жұмыс орны құрылды.

Алматы экономикасына едәуір үлес қосатын ауқымды жобалар биыл да жүзеге асырылады. Мәселен, биыл жалпы сомасы 7,2 млрд. теңгені құрайтын 9 жоба қолға алынады. Жоба аясында 507 жұмыс орнын құрылады. Бұл мегаполисте жұмыссыздық деңгейін төмендетуге әсер етері сөзсіз. Биыл оған қосымша 3 шағын өнеркәсіптік паркті іске қосу жоспарлануда. 2025 жылға дейін 4034 жұмыс орнын құрумен 130,8 млрд. теңге жалпы инвестициялар сомасына 35 жобаны іске асыру да қолға алынбақ.

Бүгінгі таңда Алматы Индустриалды аймағының жалпы аумағы 490 гектарды құрайды. Инвестициялық жобаларды іске асыру үшін 244,9 гектар жер бөлінген.



АЛМАТЫНЫҢ КРЕАТИВТІ ЭКОНОМИКА САЛАСЫ

44,9 мың адам креативті
экономиканы дамытуға
үлес қосуда



2020 жылдың
қорытындысы
бойынша салық
түсімдерінің
көлемі

37,7 млрд.
теңге



Барлық салық
түсімдерінің
үлесі
1,7%

2020 жылғы
қызметтер көлемі

402,8 млрд. теңге




Барлық көрсетілген
қызметтердің үлесі

21,7%


Алматының ЖӨӨ жалпы көлеміндегі секторлардың үлесі

Ағымдағы жағдай



- Өнеркәсіп – 5,5%
- Құрылыс – 2,6%
- Сауда – 33,2%
- Қаржылық және сақтандыру саласы – 9,7%
- Көлік және жинақтау – 4,3%
- Ақпарат және байланыс – 6,2%
- Креативті индустрия – 1,7%
- Басқа салалар

2025 жылға болжам



«CREATIVE ALMATY» СТРАТЕГИЯСЫ

Дамудың
9 бағыты

2021 жылы Алматыда креативті индустрияны дамыту мақсатында қалалық кеңеспен бірлесіп әзірленген «Creative Almaty» стратегиясы қабылданды.



Кино және
анимация



Сәулет
және
дизайн



Жаңа медиа
және цифрлық
мәдениет



Киберспорт
және
компьютерлік
ойындар



Жарнама



Сән



Өнер



театр



Музыка

2021 жылы музыка индустриясында көрсетілген қызметтер көлемі
2,9 есе өсіп, 195 млн. теңгені құрады



ГРАНД-ТУРНИР



«МЕН – КӘСІПКЕРМІН» Мегаполис жастары белсенді

Алматылық студент жас кәсіпкерлер сайысында жүлделі 2-орынды иеленді. Алматы политехникалық колледжінің 3-курс студенті Анастасия есімді қыз өзінің «BORISOVABRAND» жобасын қорғап, қазір өз кәсібін дөңгелетіп отыр.



Динара
МҰРАТ

Жақында Алматы қаласының Халықаралық Бизнес академиясының колледжі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен және «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп Қазақстан Республикасы бойынша колледждер мен мектеп оқушылары арасында «Мен – кәсіпкермін» республикалық гранд-турнирін өткізді. Қатысушылар алдында қойылған негізгі міндет – Кәсіпкерлік идея мен бизнес-жоспарды әзірлеу, сондай-ақ оны көпшілік алдында қорғау.

Байқауға Қазақстан Республикасының барлық өңірлерінен 240-тан астам бизнес-жоба

қатысты. Еліміздің жетекші кәсіпкерлері мен бизнесмендерінен тұратын сараптамалық қазылар алқасы екінші турға – онлайн қорғауға қатысқан 90 үздік бизнес-жобаны анықтады.

Солардың арасынан Борисова Анастасия «BORISOVABRAND» жобасымен «өндіріс» бағыты бойынша 2-ші орынға ие болды, жетекшісі – куратор және арнайы оқытушы А.Рахметова.

Жас қыздың спорттық киімдерді тігумен айналысатынын бәрі білгендіктен, байқауға оның ұсынылуы түсінікті еді. Анастасия дайындық барысында қасындағы жора-жолдас-тарының, туыскандарының үлкен көмегі болғанын айтады. Аз уақыттың ішінде видеоматериал дайындап, байқауға жіберген. Жас маман қалай кәсіпкерлікке келгенін айтып, қызықтар мен шыжықтарымен бөлісті.



P.S. Алматы – жастар қаласы ғана емес, кәсіпкерлер шаһары. Жастардың кәсіппен айналысып, қайнаған қала қазанына өзіндік үлесін қосуы да қуантарлық жағдай. Мұндай жақсылықтың жалғаса беруі үшін оларды қолдап-қолпаштау аса маңызды. Мұндай байқаулар оларды ынталандырып қана қоймай, мүмкіндіктер сыйлайды. Мысалы, байқаудың барлық қатысушылары қазылар алқасының мүшелері грамоталармен, жеңімпаздар ҚР БҒМ грамоталарымен марапатталып қана қоймай, бағын сынаған талапкерлер үшін Дмитрий Казанцевтен (Республикалық кәсіпкерлерге көмек көрсету орталығының директоры, блогер) «Бизнеске арналған Instagram» толық курсына тегін жазылу мүмкіндігі (Курстың ұзақтығы 3 ай, онлайн), ал жеңімпаздар үшін – «Қолжетімді инвестициялар» курсына тегін жазылу мүмкіндігі берілді.

БИЗНЕСТІ ҚОЛДАУ



Динара
МҰРАТ

«Даму» қоры қаңтар оқиғаларына қарамастан, экономиканың басым секторларындағы шағын және орта бизнеске, атап айтқанда: өңдеу өнеркәсібі, медицина, білім беру, логистика секілді салаларға баса назар аудара отырып, қолдау көрсетуді жалғастыра бермек.

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ ҚР Ұлттық экономика министрлігімен бірлесіп, «Бизнестің жол картасы–2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы (БЖК–2025) аясында мемлекеттік қолдау шараларын тиімді жүзеге асыру тәсілдерін әзірлеуде.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысының Қазақстан халқына арнаған соңғы Жолдауындағы тапсырмасы бойынша, «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы 2022 жылдың соңына дейін жалғасатын

ӘЛЕМ ЖӘНЕ ПАНДЕМИЯ

Бизнеске шектеу азаяды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев кәсіпкерлермен өткен кездесуде карантиндік шараларды күшейтудің тиімсіздігі туралы айтты. Президент COVID-19 «омикрон» штамымен елдің біраз бөлігі қандай жағдай да ауырып шығуға мәжбүр болатынын айтып, осындай жағдайда шағын және орта бизнесті қыспаққа алмас үшін карантиндік шараларды қайта қарауды үкіметке тапсырды. Осы негізде қатаң шектеулер қоймаған мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық жағдайына «Almaty aqshamy» шолу жасап көрді.

Швеция – коронавирусқа қарсы карантиндік шараларды қолданбаған елдердің бірден-бірі. Швеция үкіметі ойын-сауық ор-

болды. Бұл бағдарламаның міндеті – өңдеу өнеркәсібі мен агроөнеркәсіптік кешендегі өндірісті арттыру, ішкі нарықты отандық тауар, қызметтермен қамту және импорт алмастыру. «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы жұмыс істеп тұрған барлық кезеңде «Даму» қоры несие сомасы 746,6 млрд. теңге болатын 929 жобаға қолдау көрсетті.

Өтінім беру және оны қарау процесін жеңілдетіп, жеделдету үшін «Даму» қоры цифрландыруды қарқынды жүзеге асыруда. Қазірдің өзінде құжаттарды қабылдаудан бастап субсидиялау және кепілдік беру шарттарына қол қоюға дейінгі процестер түгел цифрландырылды. Бұл – кәсіпкерлердің қор қолдайтын жобаларының санын арттыруға мүмкіндік берді.

«БЖК–2025» бағдарламасының бірінші бағыты аясында «Даму» қоры кәсіпкерлерге қолдау көрсету бойынша деректермен алмасудың цифрлық процесін іске қосты. 2021 жылдың соңында Алматы қаласы бойынша өңірлік филиал «Банк ЦентрКредит» АҚ-пен бірлесіп, кәсіпкерге цифрлық процесті қолдана отырып, субсидия мен кепілдік берді.

талықтары мен қоғамдық тамақтану орындарына тыйым салған жоқ. COVID-19-дан қорғануға байланысты кеңес берумен шектелді. Нәтижесінде бүгінгі күні Норвегияда 1,8 миллионға жуық адам коронавируспен ауырып, 15 мыңға жуық адам қайтыс болды. Әлемдік банктің статистикасы бойынша елдің ЖІӨ 2019-2020 аралығында 533-тен 541-ге АҚШ доллары есебінде өскен. Карантиндік шараларды қолданған көрші Данияда коронавируспен ауырғандар саны 1,4 миллион, қайтыс болғандар 4 мыңға жуық. Ал ЖІӨ дәл сондай уақыт аралығында 347-ден – 356-ға АҚШ доллары есебінде көтерілген.

Досбол АТАЖАН.

МЕРЕЙТОЙ

85 жылдыққа тарту

Өткен жылы Алматы қалалық «Вечерний Almaty» газетінің алғашқы санының жарық көргеніне 85 жыл толды. Осыған орай 58-ден асқан қала ардагерлері футбол чемпионатын газеттің 85 жылдығына арнауды ұйғарды.

Лигада өнер көрсеткен командалардың 14-і 2021 жылдың желтоқсан айында ойындарын тәмамдады. Ұйымдастырушылар жарысты 2022 жылдың наурыз айының басында аяқтауды жоспарлап отыр. Дода жеңімпаздары дөңгелек жүйе бойынша анықталады.

Нұрлан АТАНТАЕВ, «Ардагерлер лигасы плюс 58» жобасының жетекшісі:

«Бірнеше жылдан бері футболшылар арасында ардагерлер жарысын ұйымдастырып жүрміз. Жыл сайын жарыстарға қатысуға ниет білдірген командалар саны артып келеді. Біз бастаған кезде бірнеше ғана топ болды. Бүгінде кубок ойындары мен қала біріншілігінде тұрақты түрде 14 клуб ойнап жүр. Соңғы турнир коронавирустан қайтыс болған, аты аңызға айналған «Қайрат» ойыншысы Фанас Салимовты еске алуға арналды. Бұл жолғы чемпионат «Вечерний Almaty» газетінің 85 жылдық мерейтойы аясында өтуде. Матчтар жексенбі күндері «Медик» стадионында өтеді. Қатысушылар арасында танымал газеттің бірнеше журналистерін қамтитын «Ақпарат» командасы да бар. Соңғы турда РФММ (Республикалық физика-математика мектебі) командасын 1:0 есебімен ұтып, турнир кестесінің ортаңғы шегіне орналасты. Жалпы, «Ақпараттың» жоспары орасан зор. Олар «Вечерний Almaty – Almaty aqshamy» газетінің қолдауымен БАҚ қызметкерлері мен балалар арасында байқау ұйымдастыруды көздеп отыр».

– Бұл ардагерлер лигасын әзілдеп «Соңғы үміт лигасы» деп атайды. Арасында жасы 70-тен асқан ардагерлер тобы ойыннан ләззат алып қана қоймай, спорттағы жастық жалынын арттырады. 71 жастағы Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы Азат Нілдібаев («Ақпарат» командасының ойыншысы) айтып өткендей,



Суретті түсірген Саят СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ардагерлер арасындағы мұндай жарыстар жақсы физикалық пішінде болуға көмектеседі.

«Әр жексенбіні мереке деп асыға күтемін. Мұнда біз, ардагерлер, ойнап қана қоймай, бір-бірімізбен әңгімелесіп, араласамыз. Қазір бір отбасы сияқты болып кеттік», – дейді ФК ардагері, 69 жастағы Марат Жанбақиев.

Мұны 80 жастағы балалар жаттықтырушысы Болат Төлегенов те растайды:

«Мен бұрын ардагерлер арасында футбол ойыны өтетінін еститінмін. Өзім келіп қатысқан кезде бүкіл Алматының ақсақалдары осында спортпен айналысатынын көрдім. Содан бері жерлестерімді қолдау үшін Ұзынағаштан келемін», – деді жаттықтырушы.

Қала маңындағы Жамбыл ауданының (команда «Алатау» деп аталады) өкілдері Лига құрылған алғашқы күннен бастап жарыстарға үзбей қатысады.

Қала ардагерлерінің ойынын көруге, жанкүйерлер сүйікті құрамаларының ойынын тамашалауға көптеп жиналатын көрінеді. Турнирде бой көрсетіп жүрген түрлі командалардың құрамында 70–80-жылдардағы қайраткерлер, Қазақстанның басқа футбол клубтарының өкілдері бар. Қазіргі таңда «Медик» командасының Вахид Масудов, Тілеухан Тұрмағамбетов, Сергей Волгин, Сергей Савин, Марат Есмұратов, Владимир Никитенко, Қайрат Айманов және басқалар сияқты танымал ойыншылары жанкүйерлердің қошеметіне ие болып жүр. Әр командада орындаушылық шеберлігі жоғары спорт жұлдыздары бар.

Қазіргі уақытта көш бастап тұрған «Қаршыға» командасы – Фанас Салимов кубогының иегері. Дәл олар сияқты «Медик» командасында да 18 ұпай бар. Алтыншы команда «Алма-Ата» бірінші орында келе жатқан командадан небәрі 6 ұпай ғана артта қалып отыр. Басқа клубтар да жеңімпаз, жүлдегер атану мүмкіндігін жоғалтқан жоқ.

Дайындаған Айжан БҮРКІТБАЕВА.



«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 549,10 теңге // 3 айға – 1647,30 теңге // 6 айға – 3294,60 теңге, 11 айға – 6605,50 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1 369,10 теңге // 3 айға – 4107,30 теңге // 6 айға – 8214,60 теңге, 11 айға – 17825,50 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 469,10 теңге // 3 айға – 1407,30 теңге // 6 айға – 2814,60 теңге, 11 айға – 4845,50 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА! ●



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Әсел ДАҒЖАН

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanyshe@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: 259-06-00 (ішкі 0318, 0319) телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Апталық таралымы – 15 663

Кезекші редактор – Әсел ДАҒЖАН

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

КОМИССИЯ

Шығын есептелуде



Серік
АНАРБАЙ

Алматы қаласы мәслихатының жергілікті мемлекеттік басқару және қауіпсіздік жөніндегі тұрақты комиссиясы Полиция департаментінде болды.

Қаңтар айының қазалы күндері террористер Ішкі істер департаментінің ғимаратына 27 рет шабуыл жасаған. Куәгерлердің айтуынша, ғимараттың төрт бұрышынан тұтқиылдан бірнеше шабуылдар жасалған. Лаңкестер суық қарудан оқ жаудырып, дыбыс шығаратын гранаталар, Молотов коктейлдерін, сонымен қатар тас пен құрылыс материалдарын қару ретінде қолданған.

Қазіргі уақытта шығын мен нысанға келтірілген зақым көлемі есептелуде. ПД алдын ала есебі бойынша, 5 фронт-кеңсе зақымданған. Полиция департаментінің ғимараты мен Алмалы аудандық полиция басқармасына да лаңкестер шығын келтірген. Сондай-ақ, 19 модульді және 13 экологиялық полиция бекеті зардап шеккен.

«Біздің комиссияның мүшелері мен мәслихат депутаттары бейбіт азаматтарды қорғау мақсатында жанкештілік танытып, қаза болған ержүрек батырлардың жақындарына қайғыра көңіл айтады. Біз үшін әр адамның өмірі қымбат, сол себепті де бейбіт және тәуелсіз ел болып дамып келе жатқан алтын шаңырағымыз Қазақстанды сақтау өте маңызды. Құқық бұзушылардың келтірген залалын бағалау және полициялардың жұмысын үйлестіріп, талқылау үшін Алматы Полиция департаментіне арнайы бардық. Соңғы оқиғаларға байланысты қалалық билік пен полиция бірігіп қырағылықты арттырды. Тонау, қарақшылық шабуылдар, бұзақылық және лаңкестік әрекеттер сияқты құқық бұзушылықтардың алдын алуға көбірек күш салатын болады», – деп санайды Алматы мәслихатының жергілікті мемлекеттік басқару және қауіпсіздік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының мүшелері.

Мәслихат депутаттары полицияның автопаркіндегі жағдаймен де танысты. Бассыздықтардың кесірі мен лаңкестік шабуылдар нәтижесінде 165 қызметтік көлік жарамсыз күйге ұшыраған. Оның 53-і өртенсе, 64-і мүлде қалпына келтіруге жарамайды.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де,
ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51;
8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy»
Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51;
8 (727) 232-36-56.

Алматы қалалық Ардагерлер кеңесі белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, қаланың ардагерлер қозғалысының белсендісі
Кенес Мұстаханұлы АУХАДИЕВТІҢ
қайтыс болуына байланысты туған-туысқандары мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Бостандық ауданы әкімінің аппараты және аудандық Ардагерлер кеңесі Алматы қаласы мен Алматы облысының Құрметті азаматы

Кенес Мұстаханұлы АУХАДИЕВТІҢ
дүниеден озуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!



Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі

2022 ЖЫЛҒЫ 24 ҚАҢТАРДАҒЫ
МӘЛІМЕТ БОЙЫНША ҚАЗАҚСТАНДА PFIZER
ВАКЦИНАСЫН АЛҒАН АДАМДАР САНЫ

Барлығы:

I компонент: 555 508

II компонент: 293 985

Жасөспірімдер

I компонент: 435 661

II компонент: 239 028

Жүкті әйелдер

I компонент: 23 574

II компонент: 14 460

Бала емізетін аналар

I компонент: 71 190

II компонент: 40 487



CORONA
VIRUS 2020/KZ

«PFIZER»
ВАКЦИНАСЫМЕН
ВАКЦИНАЦИЯЛАУҒА
ҚАРСЫ
КӨРСЕТІЛІМДЕР:



- препараттағы белсенді затқа
немесе кез келген басқа
компоненттеріне аллергия;

жұмыртқа немесе желатинге
аллергия вакцинация үшін қарсы
көрсетілім болып саналмайды,
өйткені вакцинада мұндай
компоненттер жоқ.

Жігі инфекциялық ауруы
бар немесе созылмалы
аурулары асқынған
адамдарға
коронавирус
инфекциясына қарсы
вакцинациялауды
кейінге қалдыру
керек.



- 12 ЖАСҚА ДЕЙІН
- 16 АПТАҒА ДЕЙІНГІ ЖҮКТІЛІК.

«PFIZER» ВАКЦИНАСЫМЕН ВАКЦИНАЦИЯЛАУ КЕСТЕСІ:

1 ДОЗАСЫ
- КЕЗ КЕЛГЕН
НӨЛДІК КҮН;



2 ДОЗА
- БІРІНШІ ДОЗАНЫ
АЛҒАННАН KEЙІН
21-ДЕН 28 КҮНГЕ
ДЕЙІНГІ АРАЛЫҚТА.

ЖЕР-ЖАҢАН

МАХАББАТ



Лондонда күн сайын метроға келіп, жолаушыларға арналып сонау 1950 жылы жазылған құлақтандыруды тыңдау үшін платформада тапжылмай отыратын бір әйел бар екен.

Құлақтандыру мәтіні – «Mind the gap», яғни «шығар кезде сақ болыңыздар». Оны оқыған әлгі әйелдің күйеуі Освальд Лоуренс деген кісі екен.

2003 жылы Освальд қайтыс болып, әйелі Маргарет қайғы жамылады. Күйеуін риясыз сүйгені соншалық, жүрегіндегі бос қалған орынды ештеңемен

толтыра алмайды. Бірақ өмірінде оның әлі де тірі адамдай бар екенін сезіне алатын жолды табады. Яғни күнде метро платформасына сүйіктісінің таспаға басылған бір ауыз сөзін есту үшін осылай отырып кететін көрінеді.

Алайда, бүгінгідей жаһандану заманында әлгіндей жазбалар бір сарынды, роботтар оқитын жазбалармен ауыстырылды. Маргарет ойланып жатпастан Лондонның көлік саласының басшылығына барып, күйеуінің дауысы жазылған кассетаны өзіне естелікке беруді сұрайды. Онысы – үйінде тындап отырғысы келгені.

Осы бір әсерлі оқиға туралы естіген компания Маргареттің үйінің жанындағы аялдамада «Mind the gap» хабарландыруын қалпына келтіруге шешім қабылдаған. Қала билігі осындай қадамымен махаббаттың мәңгілік екенін тағы бір еске салғандай.

Бұл сурет 1987 жылы Польшаның Забша қаласында түсірілген. Суретте дәрігердің тікесінен тік тұрып 23 сағат жүрекке жасаған отадан кейінгі сәті бейнеленген.

Ол заманда операцияны жоғары дәлдікпен бақылайтын бүгінгідей заманауи техникалық аппараттар жоқтың қасы. Отаны білікті маман поляк кардиохирургі Збигнев Релига жасапты.

Суреттен көріп отырғаныңыздай, әбден шаршаған Релига науқастың жаңа жүрегін көрсеткіштен бақылап отыр. Отаның өткеніне тәулік өтсе де, ол көз шырымын алмаған. Егер зер салып қарасаңыз, арғы жақта оң жақ бұрышта шаршаған көмекшісі



тынығып жатыр. Ал ота үстелінде жатқан Тадеуш Житкевич атты ұстаз екен. Ол отаға дейін 3 рет инфаркт алған. Жасы 60-та болғандықтан көптеген дәрігер оған ота жасауға келіспейді. Житкевич өзінің жүре алмағасын, Религаға үш сөйлемнен

тұратын хат жазыпты. «Мен ұстазбын. Жүрегім дімкес. Өтініш, қолұшын созыңыз!».

Ұстаз отадан кейін 30 жыл өмір сүріп, 2017 жылы 90 жасында дүниеден озған екен. Ал дәрігер Релига 70 жыл өмір сүріп, жүрегі 2009 жылы тоқтаған.

БАҚЫТ



Мұғалім сыныпқа көп шар әкелді де, балаларға оларды үрлеуді тапсырды. Сосын бір-бір шардан иемденіп, оған өз есімдерінді жазып шығындар деді.

Бәрі әп-әдемі болып үрленген қызылды-жасылды шарларды мәз болысып мектеп дәлізіне шығарды.

Мұғалім шарларды бір-бірімен араластырып тастады да, балаларға бес минут ішінде өз есімдерін жазылған шарды тауып алындар деп тапсырма берді. Қуанған балалар тағы да шұқыраса кетті. Бірақ уақыт өтіп жатыр, ал ешбір бала өз шарын таба алмады.

Сонда ұстаз балаларға:

– Дәл алдарында жатқан шарды алындар да, онда кімнің есімі жазылған болса, соған беріндер, – дейді. Бірер минутта-ақ барлық бала өз есімі жазылған шармен күліп тұрды. Осы сәтте мейірімді ұстаз:

– Әуе шарлары да бақыт сияқты. Егер оны әркім өзі үшін іздейтін болса, таппас еді. Ал егер бәрің бірігіп іздеп, бір-біріне қамқор болсаңдар, тез табасыңдар, – деді ұстазы.

Дайындаған
Нұржамал ӘЛІШЕВА.